

## ШЫҰ-НЫҢ КЕЛЕШЕГІНЕН ЗОР ҮМІТ КҮТЕМІЗ!

Жаһан жұрты көз тіккен Шанхай ынтымақтастығы ұйымының Астанадағы тарихи саммиті өтті. Бес елдің одағы ондыққа айналды. Астана декларациясы қабылданып, 25 құжатқа қол қойылды. Алқалы жиында ШЫҰ-ның орасан зор әлеуеті мен жаһандық деңгейдегі рөлі айқын көрінді. Ең бастысы, мүше мемлекеттердің даусы мен мүдделері тең дәрежеде ескерілетін Шанхай ынтымақтастық ұйымы өзін бірегей алаң ретінде мойындатты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөз сөйледі. Тәуелсіздік сарайында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы өтті.

2-3



№80-81  
(4669)  
Сенбі  
6 шілде  
2024 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА!

**Құрметті  
Астана қаласының  
тұрғындары мен  
қонақтары!**

Елордамыздың 26 жылдығы құтты болсын!

Қаламыздың қалыптасуы мен даму жолының артында қашанда сіздер тұрасыздар! Сіздер түрлі салаларда еңбек етіп жүрсіздер: балаларға білім беру, науқастарды емдеу, нысандар салу, туризмді дамыту. Әрқайсыңыз қаламыздың дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрсіздер.

Астанамыз 300 мың тұрғыны бар арқа даласындағы шағын қаладан ірі мегаполиске айналды. Қазір қалада 1,5 миллионға жуық адам тұрады.

Қаламызды одан ары жайлы ету жолында бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылуда. Олар – тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері, инженерлік және жол инфрақұрылымы, білім беру, спорт және медицина нысандары, қоғамдық және аулалық кеңістіктер нысандарының құрылысы.

Бұл күндері қалада ондаған түрлі іс-шара өтіп, жаңа қоғамдық және аула кеңістіктері ашылып жатыр.

Астана күні құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі



### БАС ҚАЛАНЫ ҚАЛАЙ КӨРКЕЙТЕМІЗ?

8-БЕТ |



### МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

13-БЕТ |

### КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ – БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕ

Биыл күзде Астанада өтетін V дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қызу дайындық жүріп жатыр.

Елордада өтетін байрақты бәсекеге 89 мемлекет қатысатынын растады. Ойындар 21 спорт түрінен өтеді, оның ішінде ұлттық ойындар да бар. Қазір Астанада 7 спорт кешенінде дайындық жүріп жатыр. «Қазанат» ипподромы маңында киіз үйлерден

қазақ ауылы бой көтереді. Шетелдік меймандарды орналастыру үшін арнайы әзірленген 32 қонақ үй қызмет көрсетеді.

8-14 қыркүйек аралығында өтетін Көшпенділер ойындарына билет сату да басталды.

### ДРОНДАР ШОУЫ

ЭКСПО аумағында 6 шілде күні сағат 18:00-де «OPEN AIR» мерекелік концерті өтеді. Концерт аяқталғаннан кейін шамамен сағат 22:15-те «ASPAN» дрон-шоуы ұйымдастырылады.

Қала тұрғындары мен қонақтарына ыңғайлы әрі қауіпсіз болу үшін Ұлы дала даңғылы – Түркістан – Т.Рысқұлов – Ақмешіт көшелерінде қозғалыс шектеледі.

Жеке көлікпен барушылар бұл орындарға көлігін қалдырып, концерт өтетін жерге жеткізетін арнайы автобустарға («Shuttle Bus») отырса болады. Іс-шара аяқталғаннан кейін автобустар қайта жеткізеді.





Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Отырыс басталарда делегация басшылары Беларусь Республикасын Ұйым құрамына қабылдау және оған ШЫҰ-ға мүше мемлекет мәртебесін беру туралы шешімге қол қойды.

Мемлекет басшысы бұгінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы достық, тату көршілік, теңқұқықтық және өзара қолдаудың, яғни «шанхай рухы» негізінде жұмыс істейтін мемлекетаралық қатынастардың тиімді тетігіне айналғанын атап өтті. «ШЫҰ кеңістігінде үш миллиардтан астам адам тұрады. Ұйымға экономикасы аса ірі және жылдам дамып келе жатқан мемлекеттер кіреді. Әлемдік жалпы ішкі өнімнің үштен бірі осы елдерге тиесілі. Бұл біздің Ұйымның орасан зор әлеуеті мен жаһандық рөлін айқын көрсетеді. Мүше мемлекеттердің даусы мен мүдделері тең дәрежеде ескерілетін Шанхай ынтымақтастық ұйымы өзін бірегей алаң ретінде көрсетті. Дәл осындай мызғымас демократиялық негізге сүйенген ұзақмерзімді ынтымақтастығымыз жаңа мазмұнмен толығырақ түсетініне сенімдімін» деді Мемлекет басшысы.

#### МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Ұйымға төрағалығы аясында атқарылған жұмыстардың қорытындысы жөнінде баяндады. Президент ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің белсенді қолдауының нәтижесінде Қазақстанның ұйымға төрағалығы кезінде түрлі деңгейде 150-ге жуық іс-шара, соның ішінде цифрлық даму, туризм, энергетика, бизнес салаларында форумдар және ШЫҰ жастар кеңесі өткенін мәлімдеді.

«Ұйымның Шарттық базасы 60 жаңа құжатпен толықтырылды. Атап айтқанда, Есірткіге қарсы стратегия, Экономикалық ынтымақтастық стратегиясын іске асыру жоспары, Қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісім, Энергетикалық ынтымақтастықты дамыту стратегиясы және басқа да құжаттар. ШЫҰ серіктестері саналатын халықаралық ұйымдардың қатары көбейді. Инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданды. Ұлттық валютамен есеп айырысуға көшу үдерісі қарқынды дами бастады» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы іс-шаралардың нәтижесінде ШЫҰ кеңістігіндегі сауда-экономикалық ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды. Сондай-ақ Қазақстан төрағалығы кезінде мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға ерекше назар аударылғанын айтты.

«ШЫҰ форматын» барынша тартымды ететін бірқатар маңызды жоба іске қосылды. Олардың қатарында «ШЫҰ елдерінің рухани киелі орындары» жобасы мен «ШЫҰ Жібек жолы» бірінші халықаралық музыка фестивалі бар. Сондай-ақ бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін 10 туристік аумақ анықталды. Алматы қаласы ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан ШЫҰ төрағасы ретінде алдыңғы саммитте айтылған барлық мақсат-міндетті толығымен орындады. Сондай-ақ Президент еліміздің бастамаларын

# ШЫҰ-НЫҢ КЕЛЕШЕГІНЕН



жүзеге асыруға қолдау көрсетіп, белсенді атсалысқаны үшін барлық мемлекетке шынайы ризашылығын білдірді.

#### БАСЫМ БАҒЫТТАРҒА ТОҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысы «Шанхай ондығына» кіретін елдер үшін стратегиялық маңызы бар басты бағыттарға тоқталды. Президент қауіпсіздік саласындағы өзара сенім мен

қабылдайтын уақыт келгенін айтты. Бұл ретте «Үш зұлым күшпен» күрес мәселесі әрдайым жіті назарда болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев киберқауіпсіздікті күшейту Ұйымға мүше елдерге ортақ тағы бір маңызды міндет екеніне назар аударды. Сонымен қатар ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердегі ақпараттық инфрақұрылымның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін ұдайы ақпарат алмасуға, үздік тәсілдер мен

маңызды міндеттері. Өзара сауда-саттықтың артуы ШЫҰ кеңістігі үшін ортақ үрдіске айналып келеді. Мәселен, Қазақстанның ШЫҰ елдерімен сауда көлемі өткен жылдың қорытындысы бойынша 6,5 пайызға өсті. ШЫҰ-ға мүше елдердің технологиялық базасы үлкен және экономиканың барлық маңызды секторларын дамыту үшін орасан зор нарығы бар. Арнайы салық, кеден және көші-қон режимдерінің әзірле-



ынтымақтастықты нығайтуды бірінші маңызды бағыт ретінде атады. «Қазіргі күрделі ахуал – негізінен халықаралық қатынастар жүйесіндегі дағдарыс салдары. Осы ретте халықаралық құқықтың кемшін тұстарын түзеп, геосаяси тұрғыдан жікке бөлінуге жол бермеу мақсатымен, түптеп келгенде, жаһандық ауқымдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту үшін ШЫҰ өзінің тұрақтандырушы және жасампаздық рөлін күшейту қажет» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Шанхай ынтымақтастық ұйымы бүкіл Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге кепіл болатындай айрықша мүмкіндіктерге ие. Ұйымға мүше мемлекеттерге «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» ШЫҰ бастамасын жүзеге асыру дәл осы мақсатпен ұсынылды.

Сонымен қатар Президент Әскери саладағы сенім шаралары туралы келісімді әзірлеп,

озық тәжірибелерді қолдануға бағытталған арнайы механизм әзірлеуді ұсынды.

Қазақстан Президентінің пікірінше, бүгін халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша қабылданатын Өзара іс-қимыл жоспары аталған мақсаттарға сай келеді.

Президент сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі екеніне назар аударды. «Әлемдік экономикада жағымсыз үрдістер белең ала бастады. Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, биыл жаһандық экономиканың өсім қарқыны бәсеңдейді. Әлем экономикасының өсіміне серпін беретін жаңа бағыт және мүлде басқа даму парадигмасы қажет екені анық. Сондықтан, біздің ойымызша, сауда-экономикалық кооперацияны кеңейту, капитал мен технологияның еркін қозғалысына жағдай жасау, климаттың сын-қатерлерімен күресу – Шанхай ұйымының

нұ аталған бағытта ілгерілеуге айтарлықтай септігін тигізеді. Осы ретте ШЫҰ аясында Экономикалық жеңілдіктер базасын құру туралы Қазақстанның ұсынысы өзекті болып қала береді. Инвестициялық жобаларды талқылап, бекіту үшін бірыңғай алаң құру қажеттігі айқындала түсті. «Астана» халықаралық қаржы орталығының базасында Жобалық қызметті қаржымен қамтамасыз ету механизмін құруды ұсынамыз. Қытай, Ресей, Үндістан, Өзбекстан, Қырғызстан қазірдің өзінде аталған алаңда белсенді жұмыс істеп жатыр. Жалпы, АХҚО резиденттерінің 20 пайызы – ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің компаниялары» деді Президент.

Мемлекет басшысы тиімді дәліздер мен сенімді тасымал тізбектерін құру арқылы көлік байланыстарын нығайтуды ынтымақтастықтың келесі бағыты ретінде атады. «Біз Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын, Транскаспий халықаралық көлік бағдарын және «Солтүстік – Оңтүстік»,

«Орталық Азия – Оңтүстік Азия» бағыттары бойынша трансевразиялық дәлізді одан әрі бірлесе дамытуға баса мән береміз. Бұл жоспарларды жүзеге асыру үшін ШЫҰ аясында Стратегиялық порттар мен логистикалық орталықтардың серіктестік желісін құру жөнінде нақты шаралар қабылдау маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

#### РЕФОРМАЛАУ МЕН ЖАҢҒЫРТУ ҚАЛАЙ ІСКЕ АСАДЫ?

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымын реформалау және жаңғырту қажеттігіне арнайы тоқталды. «Қарқынды жаһандық өзгерістерге байланысты біздің алдымызда ШЫҰ қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған маңызды міндет тұр. Ұйым аясының кеңею үдерісі жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, оны дамытуға тың серпін береді. Еліміз ШЫҰ-ға төраға ретінде Ұйымды ынтымақтастықтың ортаға салды. Атап айтқанда, біз ШЫҰ Хатшылығы мен Бас хатшының рөлін күшейтуді құптаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті айтылған барлық ұсыныс ШЫҰ-ға мүше елдерге ортақ игі мақсаттарға қол жеткізуге барынша үлес қосуға деген шынайы ниеттен туындағанын атап өтті. Мемлекет басшысы сөзінің соңында қолдағандары үшін Ұйымға мүше елдердің басшыларына ризашылығын білдірді. Сонымен қатар Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинді ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесіне төраға болуымен шын жүректен құттықтап, Қытай тарапына табыс тіледі.

Сонымен қатар саммит барысында Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Иран Президентінің міндетін атқарушы Мұхаммед Мохбер, Қытай Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Үндістан Сыртқы істер министрі Субраманиям Джайшанкар, ШЫҰ Бас хатшысы Чжан Мин, ШЫҰ Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы Атқарушы комитетінің директоры Руслан Мирзаев сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев отырысты қорытындылай келе, көпжақты ынтымақтастықты ілгерілету жөніндегі ауқымды мәселелер талқыланды, Ұйымды одан әрі дамыту бағыты айқындалғанын атап өтті. «Біз Шанхай ынтымақтастық ұйымының келешегінен үміт күтеміз. Қазір біз қол қоятын құжаттар ШЫҰ аясындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашатынына, Ұйымның жүйелі әрі жан-жақты дамуына септігін тигізетініне сенімдімін» деді Қазақстан Президенті.

#### ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАБЫЛДАНДЫ?

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы барысында мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің Астана декларациясы;

2. «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» Шанхай ынтымақтастық ұйымының бастамасын бекіту жөніндегі Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

3. Шанхай ынтымақтастық ұйымының 2035 жылға дейінгі даму стратегиясының жобасы туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

4. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің Шанхай ынтымақтастық ұйымының қызметін жетілдіруге қатысты ұсыныстары туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

5. Беларусь Республикасын Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекетке қабылдау рәсімінің аяқталуы және оған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет мәртебесін беру туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

6. Беларусь Республикасына Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет мәртебесі берілуіне байланысты Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үлестік жарнасы туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

7. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша 2025-2027 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасын бекіту туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

8. Шанхай ынтымақтастық ұйымының 2024-2029 жылдарға арналған Ескірткіге қарсы стратегиясын және оны жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

9. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің энергетика саласындағы ынтымақтастығын дамытуға қатысты 2030 жылға дейінгі стратегияны бекіту туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

10. Шанхай ынтымақтастық ұйымының 2030 жылға дейінгі экономикалық стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

11. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Инвесторлар қауымдастығы туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

12. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің қорғалатын аумақтар (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қорғалатын табиғи аумақтар) және экологиялық туризм саласындағы ынтымақтастығын дамыту жөніндегі бағдарламасын бекіту туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;



# ЗОР ҮМІТ КҮТЕМІЗ!

13. Қытай Халық Республикасының Циндао қаласын Шанхай ынтымақтастық ұйымының 2024-2025 жылдардағы туристік және мәдени астанасы ретінде жариялау туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

14. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер мен Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы диалог серіктестері арасындағы Ықпалдастықты нығайту жөніндегі жол картасын бекіту туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

15. Шанхай ынтымақтастық ұйымының жобалық қызметін қаржылық қолдау тетіктері туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

16. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығы мен Есірткі, психотропты заттар және прекурсорлардың заңсыз айналымымен күрес жөніндегі Орталық Азияның өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы арасындағы өзара түсіністік меморандумына қол қою туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

17. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

18. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

19. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы Аткарушы комитетінің директоры туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

20. Шанхай ынтымақтастық ұйымының былтыр атқарған қызметі жайындағы Шанхай ынтымақтастық ұйымы Бас хатшысының баяндамасы туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

21. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының 2023 жылы атқарған қызметіне қатысты Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы кеңесінің баяндамасы туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

22. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің тату көршілік, сенім және ынтымақтастық қағидаттары туралы мәлімдемесі;

23. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің ауызсу қауіпсіздігін және санитарияны қамтамасыз ету туралы мәлімдемесі;

24. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің қалдықтарды тиімді басқару туралы мәлімдемесі;

25. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер үкіметтері арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша ынтымақтастық туралы келісім.



## НАҚТЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысынан кейін саммит «ШЫҰ плюс» форматында жалғасты. Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық аренадағы рөліне айрықша тоқталды.



«Бүгінде әлем бұрын-соңды болмаған геосаяси қайшылықтар мен қақтығыстардың күшеюіне байланысты туындаған күрделі сынақтармен бетпе-бет келіп отыр. Халықаралық қауіпсіздіктің архитектурасына қауіп төніп тұр. Тұтас адамзат үшін оның зардабы ауыр болуы мүмкін. Осындай сын сағатта бізге өңірлік және жаһандық деңгейдегі ұжымдық күш-жігер арқылы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту үшін орасан зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Шанхай ынтымақтастық ұйымы өз беделімен, елеулі экономикалық және адами ресурстарымен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізіп, заманауи сын-қатерлерді еңсеру үшін тиімді шешімдер әзірлей алады. Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалығы кезінде көтерген «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» атты ұраны ортақ миссиямыздың мән-маңызын айқын көрсетеді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бейбіт және үйлесімді даму мәселесін ілгерілетуді ШЫҰ аясындағы көпжақты ынтымақтастықтың басты міндеті ретінде атап өтті. «Ұжымдық күш-жігер мен парасатты ди-

пломатия арқылы ғана әлемдегі басты қайшылықтардың түйінін тарқатып, дүние жүзінде ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге болады. Мен бұған сенімдімін. Осы орайда келесі жылы сексен жылдығын атап өтетін Біріккен Ұлттар Ұйымына зор үміт артылады. Бұл әмбебап ұйымның солай болуға тиіс. Сондықтан біз қабылдаған тату көршілік, сенім және ынтымақтастық қағидаттары туралы мәлімдеме өте өзекті» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Біріккен Ұлттар Ұйымының 80, сондай-ақ ШЫҰ мен БҰҰ ынтымақтастығының 20 жылдығына қарай «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» бастаманы қолдау үшін БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясын қабылдауды ұсынды.

Мемлекет басшысының пікірінше, сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға айрықша мән берген жөн. «Санкциялық даулар жаһандық экономикаға айтарлықтай зиян келтіріп, оның даму перспективаларының аясын тарылтып жатыр. Мұндай жағдайда бізге оң динамиканы сақтауға және әлеуетімізді арттыруға бағытталған сауда-экономикалық ықпалдастықтың неғұрлым икемді стратегиясын құру қажет. Қазіргі кезеңде ШЫҰ-ға мүше елдердің экономикасы 4 пайыздан 9 пайызға дейінгі жоғары өсім қарқынын көрсетіп отыр. ШЫҰ мемлекеттерінің әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі қазірдің өзінде 30 пайызды құрайды. Бүгінде Ұйымға мүше мемлекеттердің сыртқы саудасы 8 триллион доллардан асты. Бұл – әлемдік сауданың төрттен біріне тең» деді Президент.

Мемлекет басшысы Азияның экономикалық тұрғыдан өркендеуіне көбіне ШЫҰ-ға мүше елдердің ықпалы зор екенін атап өтті. Сондай-ақ Қазақстан тарапы Қытайдың ішкі ауқымды нарығына ШЫҰ елдерінің қолжетімділігін арттыру және Ұйымға мүше елдермен тауар айналымын 3 триллион долларға дейін жеткізу ниетін құптады. «Шанхай

ынтымақтастық ұйымының экономикалық әлеуеті орасан зор. Біз оны толыққанды пайдалануымыз қажет. Бүгін ШЫҰ экономикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі нақты іс-қимыл жоспарын қабылдадық. Аталған құжат осы басты мақсатқа сай келеді. ШЫҰ-ның ЕАЭО, БРИКС және АСЕАН секілді интеграциялық бірлестіктермен өзара ықпалдастығы кең мүмкіндіктерге жол ашады. Көлік жолдарының өзара байланысын одан әрі нығайту әлемдік сауданың тұрақты өсіміне зор ықпал етеді. ШЫҰ-ға мүше елдердің аумағы арқылы 350 мың шақырымнан астам теміржол өтеді. Әлемдегі жүк тасымалының үштен екі бөлігі осы жолдарға тиесілі. Сондықтан ШЫҰ кеңістігі жаһандық сауданы дамытуға арналған Үлкен Еуразиялық белдеуге айнала алады» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Еуразиялық көлік жүйесінің ең маңызды бөліктерінің бірі саналады. Сондай-ақ еліміздің «Бір белдеу, бір жол» мега-жобасын, Транскаспий көлік бағытын және «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін өзара ұштастыру, стратегиялық порттар мен логистикалық орталықтардың серіктестік желісін құру ісіндегі бастамалары туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы қазіргі жағдайда экология және климаттың өзгеруіне қарсы күрес салаларындағы ынтымақтастықтың өзектілігі арта түскеніне тоқталды. «Біз түрлі табиғи катаклизмдердің айтарлықтай көбейгеніне куә болдық. Әлемдегі барша мемлекет бұдан орасан зор зардап шегіп отыр. Жуырда Қазақстан бұрын-соңды болмаған су тасқынын бастан өткерді. Мамандардың пікірінше, бұл табиғат апатының ауқымы жаһандық жылыну процесімен тікелей байланысты. Климаттың сын-қатерлерін жалғыз еңсеру мүмкін емес екені анық. Әлемдік қауымдастық экономиканы декарбонизациялау жөніндегі батыл қадамын жалғастыруға тиіс деп санаймын. Бірақ бұл мемлекеттердің дамуға

және жаңғыруға бағытталған маңызды міндеттеріне зиянын тигізбеуі керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Мемлекет басшысы ішкі су көздерінің деградацияға ұшырау проблемасын шешу, жаңа су үнемдеу технологияларын енгізу жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуді ұсынды. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің бұл бағыттағы ортақ күш-жігері БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған Мұздықтарды сақтаудың халықаралық жылы аясындағы мақсаттарды жүзеге асыруға ШЫҰ-ның қосқан нақты үлесі болмақ.

Президенттің пікірінше, ШЫҰ қызметінің аса маңызды бағытының бірі – мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту. Бұл сала Қазақстанның Ұйымға төрағалығы кезінде ұдайы назарда болды. «Қазақ жері – ежелден түрлі өркениеттер тоғысқан мекен. Үлкен Еуразияның бірегей мәдени кодын бойына сіңірген ШЫҰ-ның алып кеңістігі халықтар арасын жақындатуға дәнекер болып, өзінің тарихи рөлін одан әрі атқара беруге тиіс және солай боларына сенімдімін. Осы орайда мәдени орталықтар ашу пәрменді шара саналады. Бүкіл ШЫҰ аумағында осындай жобалардың жүзеге асырылуы елдеріміз арасында барынша тығыз мәдени-гуманитарлық байланыс орнатуға ықпал етеді деп ойлаймын. Бұл іске жастарды белсенді тарту маңызды. Осы ретте олардың жан-жақты дамуына және өзара қарым-қатынасын жандандыруға барынша жағдай жасау қажет» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше елдердің жас көшбасшылары мен таланттарының жыл сайынғы кездесуін өткізу, диалог аясындағы серіктестердің жаңа оқу орындарын қосу арқылы ШЫҰ университеттері желісін кеңейту, техникалық мамандықтар үшін бөлінетін грант санын жылдан-жылға көбейту жөнінде ұсыныс айтты.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның ШЫҰ аясындағы және «ШЫҰ плюс» форматындағы жан-жақты әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа бейілді екенін мәлімдеді. Сондай-ақ серіктес елдердің барлық конструктивті ұсынысы Ұйымның одан әрі қарқынды дамуына тың серпін беретініне сенім білдірді.

Саммитте Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Иран Президентінің міндетін атқарушы Мұхаммед Мохбер, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Үндістан Сыртқы істер министрі Субраманиям Джайшанкар, Моңғолия Президенті Ухнагийн Хурэлсух, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түрікменстан Халқ Мاسлахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, БАӘ Жоғарғы кеңесінің мүшесі, Рас-Әл-Хайма әмірлігінің билеушісі шейх Сауд бен Сакр Әл Қасими сөз сөйледі.





## ҚАТАР МЕМЛЕКЕТІНІҢ ӘМІРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ саммитіне қатысуға арнайы келгені және Қазақстанның халықаралық бастамаларын қолдағаны үшін Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәниге алғыс айтты.

Мемлекет басшысы Қатарды Қазақстанның ең жақын серіктестерінің бірі ретінде атап өтіп, екі елдің мақсаттары ортақ және тілеулес екенін айтты.

«Сіздің еліңізбен тығыз қарым-қатынас жасауға ниетті екенімізді атап өткім келеді. Менің Дохаға жасаған сапарым туралы жақсы естеліктер қалды. Бұл екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беру тұрғысынан айтулы оқиға болды. Біз байланыстарымызды стратегиялық серіктестік деңгейіне көтердік. Менің сапарым барысында өте маңызды құжат-

тарға қол қойылды. Қазақстан Үкіметі осы келісімдердің табысты жүзеге асырылуы үшін қолдан келгенін бәрін жасайды деп ойлаймын» деді Президент.

Өз кезегінде шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни Астанаға тағы да келіп, ШЫҰ саммитіне қатысу зор мәртебе екенін айтты. «Әрине, Дохаға жасаған өте маңызды сапарыңыз есімде. Сіз өзара қарым-қатынасымызды стратегиялық деңгейге көтергенімізді еске салдыңыз. Мен қарым-қатынастарымызды мақтан тұтамын. Елдеріміз әлі де ауқымды жұмыс атқаруға,

соның ішінде экономикалық және инвестициялық байланыстарды одан әрі нығайтуға тиіс» деді Қатар Әмірі.

Әңгімелесу барысында тараптар сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, көлік-логистикалық, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, энергетика, білім беру, денсаулық сақтау және телекоммуникация салаларындағы екіжақты байланыстарды нығайту перспективаларын талқылады. Өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге ерекше назар аударылды.

## КӨПЖАҚТЫ ДИАЛОГТЫ РАСТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесу өткізді. Әңгімелесу барысында Мемлекет басшысы ШЫҰ саммитіне қатысуға келгені үшін Владимир Путинге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Ресейдің «шанхай рухын» нығайту ісіне және Ұйымға мүше елдермен көпжақты ынтымақтастықты дамытуға айтарлықтай үлес қосқанын атап өтті.

«Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету – өте мәртебелі әрі жауапты миссия. Ертең біздің төрағалығымыз аясында атқарылған жұмыстар туралы баяндаймын. Ұйымның өзінде реформа жүргізіліп жатыр. Әйтсе де, бұл оңай шаруа емес. ШЫҰ халықаралық аренада лайықты беделге ие болды. Менің ойымша, бұл

тынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. «Бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысын өз бақылауыма ұстап отырмын. Сіздің сапарыңыз кезінде келісілген жобалардың маңызы зор және елдеріміздің өзара ықпалдастығының стратегиялық сипатымен ұштасады. Сондықтан олардың жүзеге

аралық ұйымға төрағалық етіп отырғанын атап өткім келеді. Қазақстан ШЫҰ мен ҰҚШҰ-ға, ал Ресей БРИКС пен ТМД-ға төраға болып отыр. Сондықтан бір-бірімізді қолдап, көмектесеміз. Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын. Әлбетте, мұны ҰҚШҰ саммитіне орайлас-



## ТАРИХИ ТАМЫРЛАСТЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухпен кездесті. Қазақстан Президенті «ШЫҰ плюс» форматындағы отырыстың табысты өтуіне конструктивті үлес қосқаны үшін Ухнаагийн Хурэлсухқа ризашылығын білдірді.



Мемлекет басшысының айтуынша, Моңғолия – еліміздің Азиядағы ең маңызды серіктестерінің бірі. Біздің ғасырлар қойнауынан тамыр тартатын ортақ мәдени-тарихи құндылықтар мен дәстүрлер байланыстырады. «Қазақстан мен Моңғолияның ынтымақтастығы өзара құрмет пен қолдау рухында ұдайы нығайып келеді. Елдеріміз арасында сенімді және сындарлы саяси диалог жолға қойылған. Ауқымды шарттық-құқықтық база қалыптасқан, мәдени-гуманитарлық байланыстар кеңеюде. Орайлы сәтті пайдаланып, Қазақстандағы бұрын-соңды болмаған су тасқыны кезінде қолдау көрсеткендеріңіз үшін Сізге және барша моңғол халқына ризашылығымды білдіремін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында сауда-экономикалық ынтымақтастық, тауар айналымын ұлғайту, көлік-транзит әлеуетін арттыру

перспективалары талқыланды. Президенттің айтуынша, қолда бар мүмкіндіктерді толық пайдалану үшін екі ел үкіметтері сауда-экономикалық ықпалдастықтың жаңа бағыттарын іздегені жөн. «Қазақстанның Моңғолияға шикізаттық емес тауарлар бойынша экспорттық әлеуеті шамамен 100 миллион долларды құрайды. Осыған орай тауар айналымын 500 миллион долларға дейін ұлғайту жөнінде нақты мақсат қоюды ұсынамын. Бұл ретте біз Қазақ-моңғол іскерлік кеңесін құруға және Сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі жол картасын қабылдауға мүдделіміз» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Моңғолия арасындағы әуе рейстерінің санын арттыру қажет екенін айтты. Сондай-ақ екі ел арасындағы жол жүру уақытын едәуір қысқарта-

тын автомобиль жолын салу мүмкіндігін қарастыруға шақырды.

Өз кезегінде Моңғолия Президенті Қазақстандағы саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалардың нәтижесін жоғары бағалады. Сондай-ақ Астананың халықаралық аренадағы рөлі нығайып келе жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, екі ел ортақ құндылықтар мен тарихи тамырластыққа негізделген көпжақты ынтымақтастықты дамытуға тиіс.

Ухнаагийн Хурэлсух Қасым-Жомарт Тоқаевты Моңғолияға мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Қазақстан Президенті бұл шақыруды зор ықыласпен қабыл алатынын айтты. Оның пікірінше, алдағы сапар екіжақты қатынастардың жылнамасындағы жаңа кезеңге жол ашады. Бұдан бөлек, екі ел басшылары көпжақты құрылымдар аясындағы ықпалдастық мәселелері жөнінде пікір алмасты.

– ең табысты халықаралық ұйымдардың бірі. Сонымен қатар бұл – демократиялық сипаттағы ұйым, яғни барлық мемлекеттің теңдік қағидаты сақталады. Әрине, Шанхай ынтымақтастық ұйымының әлеуетін нығайтуға Ресейдің қосқан елеулі үлесін атап өтпекке болмайды. Осы орайда төраға құқығын пайдаланып, Сізге алғыс айтқым келеді» деді Президент.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы стратегиялық серіктестік пен одақтастыққа негізделген қазақ-ресей қатынастарының қазіргі жай-күйі мен даму перспективасы жөнінде айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путиннің Қазақстанға былтыр қараша айында жасаған тарихи сапарынан кейін екіжақты ын-

асатынына еш күмәнім жоқ. Өйткені бұл жобалар Қазақстан мен Ресей Федерациясының сипаттағы ұйым, яғни барлық мемлекеттің теңдік қағидаты сақталады. Әрине, Шанхай ынтымақтастық ұйымының әлеуетін нығайтуға Ресейдің қосқан елеулі үлесін атап өтпекке болмайды. Осы орайда төраға құқығын пайдаланып, Сізге алғыс айтқым келеді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді биыл күзде елімізге тағы да мемлекеттік сапармен келуге, сонымен бірге ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысына қатысуға шақырды.

Өз кезегінде Владимир Путин ШЫҰ саммитіне қатысуға шақырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Қазақстан осы маңызды іс-шараның дайындығына айтарлықтай күш салғанын жеткізді. «Саммит, шын мәнінде, мазмұны жағынан халықаралық сипатқа ие. Елдеріміздің бірқатар халық-

тырған тиімдірек болар еді. Екіжақты қарым-қатынасымызға келер болсақ, сіздермен үнемі байланыстамыз. Елдеріміз арасындағы тауар айналымы артып, шамамен 30 миллиард долларға жетті. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Ресей Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық серіктестерінің бірі болып қала береді» деді Ресей Президенті.

Кездесуде президенттер өнеркәсіптік кооперацияны, энергетика саласындағы өзара тиімді серіктестікті дамыту және өңіраралық байланыстарды жандандыру перспективаларын жан-жақты талқылады. Тараптар екіжақты және көпжақты форматтағы тұрақты саяси диалогты сақтауға өзара ниетті екенін растады.

## БІР-БІРІНЕ АЛҒЫС АЙТТЫ

Қазақстан Президенті Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесу өткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Гурбангулы Бердімұхамедовке түрікмен халқының көшбасшысы ретінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысқаны үшін ризашылығын білдірді.

Президент қазақ-түрікмен ынтымақтастығы жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын атап өтті. «Түрікменстан – бейбітшілікті, қауіпсіздікті, көпжақты ынтымақтастықты қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды рөл атқаратын өте беделді әрі бейтарап мемлекет. Бүгінгі Астанаға сапарыңыздың маңызы айрықша. Ең алдымен, энергетика саласындағы ықпалдастығымыздың нақты мәселелерін талқылау тұрғысынан мәні зор» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қа-

зақ мәдениетінің дәріптелуіне қолдау көрсетіп, Ашхабадта ұлы күйші Құрманғазы Сағырбайұлына ескерткіш ашқаны үшін Гурбангулы Бердімұхамедовке алғыс айтты.

Өз кезегінде Гурбангулы Бердімұхамедов ШЫҰ саммитіне қатысуға шақырғаны және Қазақстан астанасында түрікмен ақыны Мақтымқұлы Пырағы ескерткішінің ашылуына жеке қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. «Шанхай ынтымақтастық ұйымының

саммитіне құрметті қонақ ретінде шақырғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Осы халықаралық құрылымда бейтарап Түрікменстанның пікірін айту мүмкіндігіне ие болдық. Өзіңіз атап өткендей, энергетика саласындағы мәселелерді шешу ісінде мол әлеуетіміз бар» деді Халк Маслахатының Төрағасы.

Сондай-ақ кездесуде өнеркәсіп, көлік және логистика салаларындағы екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен перспективалары қарастырылды.





**Ерлан ҚОШАНОВ,**  
Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің төрағасы:

## ШЫҒУ САММИТІ – ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІҢ ЗОР ЖЕҢІСІ

– Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы аяқталды. Қазақстан ШЫҒУ-ға төрағалық еткен жыл Ұйым үшін бетбұрыс кезеңі болғаны сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сыртқы саясатымыздың жасампаз әлеуетін бүкіл әлемге паш етті.

БҰҰ Жарғысының үстемдігі жағдайында бейбітшілік пен жаһандық диалогты басымдық ретінде бекіткен Астана декларациясы 3,5 миллиард халықты құрайтын мемлекеттер басшыларының ортақ ерік-жігерін білдіреді. Бұл құжаттың рухани мазмұны адамзаттың бар жаһандық қауіп-қатер мен дағдарыстарды еңсеруге деген үмітін оятып отыр.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Ұйымының негізін қалаушылардың бірі ретінде, өзінің төрағалығы кезеңінде ШЫҒУ-ны алдымыздағы сын-қатерлерге төтеп беретін мейлінше тиімді ұйымға айналдыруды

көздеп отыр» деп атап өтті. ШЫҒУ-ның 2035 жылға дейінгі ұзақмерзімдік даму стратегиясын бекіту және ұйымның өңірдің логистикалық байланысы мен сауда-экономика саласындағы ынтымақтастығын кеңейтуге баса назар аударуы маңызды қадам болды. Қасым-Жомарт Кемелұлы басқа интеграциялық бірлестіктермен – Еуразия экономикалық одағымен, БРИКС, АСЕАН және Еуропа Одағы елдерімен ынтымақтастықты дамыту перспективаларына мән берді.

Мемлекет басшысы жаһандық сауданы дамыту үшін Еуразия белдеуіне көбірек көңіл бөлуді ұсынып, ШЫҒУ-ның жаңа моделін белгіледі. Қазақстанның төрағалығы кезінде айқындалған бұл бағытты ШЫҒУ-ның барлық мүшесі қызу қолдады. Мүддесі көбінесе қарама-қайшы әрі бәсекелес жаһандық көшбасшы елдерді біртұтас конструктивті күн тәртібі арқылы біріктіру Президентіміздің зор жеңісіне айналды. Бұл жайт Қасым-Жомарт Кемелұлының

дипломатиялық таланты мен мол тәжірибесін көрсетеді. Оның жетекшілігімен еліміз жүргізіп келе жатқан ауқымды да сындарлы, егжей-тегжейлі үйлестірілген сыртқы саясаттың жемісі деп те айта аламыз.

Жаңа жағдайда Қазақстанның ШЫҒУ-ның барлық мүшесіне ұсынары мол. Біріншіден, бұл – біздің елдің географиялық орнына байланысты қамтамасыз ете алатын орасан зор логистикалық әлеует. Мемлекет басшысы атап өткендей, Азия мен Еуропа арасындағы құрлықтың транзиттік тасымалының 80 пайызы еліміздің аумағы арқылы жүзеге асырылады. Ресейді Оңтүстік Азия елдерімен байланыстыратын Солтүстік-Оңтүстік бағыты да Қазақстан арқылы өтуі мүмкін. «Шанхай ондығына» кіретін елдерге іс жүзінде шектеусіз сауда жасау үшін зор мүмкіндіктерге жол ашады.

БҰҰ Бас хатшысы Гутерриштің «ШЫҒУ плюске» белсене қатысуы ұйымның геосаяси

маңыздылығы артып, Үлкен Еуразия елдері мен халықтарының мүдделерін білдіретін алаңға айналып келе жатқанын көрсетеді. Әсіресе, Біріккен Ұлттар Ұйымын орта державалардың пайдасына сай реформалау туралы пікірталас жағдайында мұның маңызы зор.

Астанадағы саммиттердің дәстүрлі түрде ШЫҒУ аясының кеңеюімен аяқталуының символдық мәні бар. 2017 жылы ұйым Үндістан мен Пәкістанды қабылдап, 8 мүше мемлекетке дейін кеңейді. Бүгінгі отырыс Беларусь Республикасын ШЫҒУ-ға қабылдау туралы шешім қабылдаудан басталды. Осылайша қазақ жерінде ұзақмерзімдік мақсаттар айқындалып, Шанхай ынтымақтастық ұйымының дамуына тың серпін берілді деп айта аламыз.

Ұйымдағы кезекті төрағалығымыздың қорытындысы ретінде Саммитті Астанада өткізу ұлттық мүддемізге толық сай келетінін айтуға болады. Тұрақты Шанхай диалогы Қазақстан үшін де, әлемдік қоғамдастық үшін де ұдайы туындап отыратын барлық сын-қатерге жүйелі жауап береді. Бірақ одан да маңыздысы – Қазақстанның «Шанхай ондығына» мүше болуы және белсенді қатысуы еліміздің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігіне кепілдік береді, әлемдік экономика көшбасшыларымен сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуді қамтамасыз етеді.

## Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары!

Сіздерді елорда күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінде Астана – жаңа, қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттің бейнесі, Қазақстанның жаңаруы мен тәуелсіздігінің символы. Жас Астананың тарихы – тәуелсіз елдің жаңартылған тарихының беттерімен байланысты. Еуразия төрінде өзіндік сән-сипаты қалыптасқан, дәулеті мен сәулеті келіскен мегаполистің бой көтеруі сан ғасырлық бабалар аманатының орындалуы деп білемін.

Күн санап көркейіп, жайнай түскен Астана жастықтың, жасампаздықтың жарқын үлгісіне айналып, әрбір қазақстандықтың жүрегіне жол тапты. Оған қай-қайсымыз да тарихымен, дәстүрімен, мәдениетімен қайталанбас қолтаңбамызды қалдырудамыз. Баршаңызды бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, елімізге тыныштық, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болсын! Бас қаламыз күннен-күнге қарыштап дамып, көркей берей! Қазақ елінің көк байрағы көгімізде желбірей берсін!

**Ерлан КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

## Астана күні құтты болсын!

Құрметті қала тұрғындары мен қала қонақтары! Сіздерді Сарыарқаның төрінде есігін жан-жаққа айқара ашқан елорда күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінде еңсесі биік, мәртебесі жоғары бас қаламыз қарқынды дамып, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еуразиялық кеңістіктің мәдениет, ғылым, инновациялық технологиялар орталығы алаңына айналды. Мерейлі күні баршаларыңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш, құт-береке тілейміз.

Өскелең ұрпағымызбен көркей берсін бас қаламыз!

**Сансызбай ЕСІЛОВ,**  
Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы

## Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесі – елорда күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтайды!

Астана қаласы – тәуелсіз жаңа Қазақстанның табыстылығы мен гүлденуінің символы. Қазіргі уақытта біздің елордамыз дамыған әлемдік орталықтармен тек дәрежеде бәсекеге түсе алатын ірі мегаполиске айналды. Біз елордамыздың даңқты тарихы мен дәстүрлері, заманауи жетістіктерімен мақтанамыз. Астананың түлеуі ол елдің түлеуі деп қабылдаймыз.

Астанамыздың бүгінгі мерекесі әрбір елордалықтардың жүрегіне қуаныш ұялатып, ертеңге деген сенімдерін еселей түседі.

Осы атаулы мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және бірлігіміз бекем болсын деп тілеймін!

**Зулфухар ҒАЙЫПОВ,**  
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы



**Бахтиёр ЭРГАСHEV,**  
өзбекстандық сарапшы:

## ЖАҒАНДЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҒА МОДЕЛІ ҰСЫНЫЛДЫ

– Төрағалық Қазақстанға өткен уақытта Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҒУ жаһандық өзгерістер кезінде дамудың жаңа тәртібі мен негізін қалыптастыруға бағытталған бастамаларды көтеретін ұйымға айналуы тиіс екенін мәлімдеген еді.

Содан бастап Қазақстанның жетекшілігімен «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» деп аталатын өте маңызды құжат әзірленді. Онда бүгінде барша адамзатты алаңдатқан мәселелерге қатысты ШЫҒУ-ның көзқарасы мен

шешу жолдары баяндалған. Атап айтқанда, құжатта қауіпсіздік, әділ әрі жаңа әлемдік тәртіпті орнатудың алғышарттары, неокOLONиализм жүйесінен толық арылу проблемалары қамтылды. Оны ШЫҒУ-ға мүше елдердің барлығы қолдайды.



**Чжан МИН,**  
Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы:

## ҚАЗАҚСТАН ТӨРАҒАЛЫҒЫ МАЗМҰНДЫ ӘРІ ҚЫЗЫҚТЫ БОЛДЫ

баса назар аударылды. Біздің ойымызша, Қазақстанның ШЫҒУ-ға төрағалығы өте мазмұнды және қызықты болды.

Бүгінгі саммит өнімді, сындарлы және жемісті өтіп, ұйым қызметіне жаңа серпін берді және оның тарихындағы маңызды кезеңге айналды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты осы отырыстың сәтті өтуімен және жалпы ШЫҒУ-ға жоғары деңгейде төрағалық

етуімен құттықтағым келеді. Астана саммитінен кейін төрағалық эстафетасын Қытай тарапы қабылдады. Қытай ұзақ жылдар бойы ұйымның дамуына өз үлесін қосып келеді. Қытайлық әріптестерге жемісті және нәтижелі төрағалық етуді тілейміз. Біз Циндао қаласына 2024-2025 жылдарға арналған ШЫҒУ-ның мәдени және туристік астанасы мәртебесінің берілуін құттаймыз.

**Мирас ЖИЕНБАЕВ,**  
саясаттанушы:

## ҚАЗАҚСТАН ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІГІ

– Астана саммиті – біздің дипломатиямыздың биігі. Бұл – біздің үлкен жетістігіміз. Біз бөлшектелген әлем дипломатиясы жағдайында әртүрлі серіктестерімізбен бірігіп, «ШЫҒУ плюске» жақын маңдағы сыртқы саяси одақтастарымыздың кең көлемді коалициясын шақырдық. Біз орта державаның осындай

қабылдау қиынға соғады. Соңғы коммуникациялар арқашан күрделі келісімдер процесіне айналып жатады. Бұл арада біз ұзақ мерзімді жоспардағы құжаттардың үлкен жиынтығы туралы айтып отырмыз. Біз бірлескен болашағы үшін өте маңызды сәт. Әлемде өсіп келе жатқан бөлшектер жағдайында шешім

коалицияларды құру және өз күн тәртібіндегі мәселелерді шешу жолдары баяндалған. Атап айтқанда, құжатта қауіпсіздік, әділ әрі жаңа әлемдік тәртіпті орнатудың алғышарттары, неокOLONиализм жүйесінен толық арылу проблемалары қамтылды. Оны ШЫҒУ-ға мүше елдердің барлығы қолдайды.

қабилдау қиынға соғады. Соңғы коммуникациялар арқашан күрделі келісімдер процесіне айналып жатады. Бұл арада біз ұзақ мерзімді жоспардағы құжаттардың үлкен жиынтығы туралы айтып отырмыз. Біз бірлескен болашағы үшін өте маңызды сәт. Әлемде өсіп келе жатқан бөлшектер жағдайында шешім

**Қазыбек ӨМІРЗАҚҰЛЫ,**  
саясаттанушы:

## АСТАНА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ КЕҢЕЙТЕДІ

– Астана декларациясына келер болсақ, құжаттың маңызды тетіктері – бұл бірлескен жобалар, яғни инфрақұрылымдық және энергетикалық жобалардағы ынтымақтастықты кеңейту. Мүше мемлекеттер ішінде Қытай, Ресей, Пәкістан, Үндістан, Иран сияқты мемлекеттер бар. Орталық Азия мемле-

кеттері де бар. Осы елдердің арасындағы энергетикалық жобалар мен инфрақұрылымдық жобалардың ортасын кеңейту өзара байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Екіншісі, бұл экономикалық ынтымақтастық күшейту. Астана декларациясында ШЫҒУ мүше мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстарды

тереңдетуге бағытталған қарарлар да бар. Үшіншісі, аймақты тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін саяси және дипломатиялық күш-жігерді үйлестіруді арттыру. Бұл өте маңызды. Әсіресе, қазіргі түрлі шиеленістер өршіп тұрған кездегі ШЫҒУ мүше мемлекеттер аймағында тіздік мәселесі өте маңызды.

**Бауыржан ӘУКЕН,**  
ҚСЗИ Азиялық зерттеулер бөлімінің аға сарапшысы:

## ҰЙЫМНЫҢ ЖАҒА ДӘУІРІН АШАДЫ

– Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымын реформалау үрдісін бастауы төрағалық кезіндегі бастамалары аясында атқарған жұмысы мен саммит барысында қабылданатын құжаттарға тікелей байланысты. Саммитте ШЫҒУ-ның 2035 жылға дейінгі даму

стратегиясы мен Сыртқы істер министрлері кеңесінің ШЫҒУ қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарының қабылдануы ұйымның одан әрі дамуына, құрылымының өзгеруіне алып келеді. Сонымен қатар «Үш зұлмын күшке» қарсы 2025-2027 жылдар аралығындағы ынты-

мақтастық бағдарламасы, ШЫҒУ-ның 2024-2029 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегиясы, Энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту мен Инвестициялық қорды құру тәрізді келісімдер ұйымның тарихындағы жаңа даму дәуірін ашады.



# КӨРКЕЙЕ БЕР, ЕЛДІҢ

Райхан  
РАХМЕТОВА

**А**стана күні мерекесі 2006 жылы 6 шілдеге ауыстырылды. Себебі тура сол күні Жоғарғы кеңес пен үкімет астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулыны қабылдаған болатын. Қазақстанның елордасы 26 жылдың ішінде атауын төрт рет өзгертті. Мемлекеттік мерекелер тізіміне де қосылды. 2019 жылы 20 наурызда қаланың аты Нұр-Сұлтан деп өзгертілді. 2022 жылы 17 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен елордаға Астана атауы қайтарылды.

1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы беріліп, медальмен марапатталды. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жас қалаларына беріледі. Қазақстанның бас қаласы – 2000 жылдан бастап астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі.

## ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ШАҒАР

Астана 1830 жылы Есіл өзенінің жағасында орыс әскерлері негізін қалаған бекіністен бастау алады. 1862 жылы Ақмолинск қала мәртебесін алды. 1962 жылы қалаға Целиноград атауы берілді. 1992 жылғы 6 шілдеде Целиноград қаласына оның «Ақмола» деген тарихи атауы қайтарылды. Сол жылы қала басшысы болып Аманжол Бөлекпаев тағайындалды. Астана мәртебесін алғалы бері қаланы 9 әкім басқарды. Олардың ішінде екі кезеңде әкім болған басшылар да бар.

1998-2023 жылдар арасында Астана халқының саны 4,2 есе өсіп, 326 900 адамнан 1 млн 409 мың адамға жетті. Миллионер қала мәртебесіне 2017 жылдың маусымында қол жеткізілді, ол кезде тұрғындардың саны 1 002 874 адамға көбейді. 2024 жылғы 1 мамырға қала халқының саны 1 458,1 мың адамды құрады. Қала аумағы – 797,33 км², Есіл өзенінің жағалауында орналасқан. Әкімшілік жағынан қала 5 ауданға бөлінген. Ең ескі аудандары Алматы және Сарыарқа 1998 жылдың 6 мамырында құрылған. Үшінші сол жағалаудағы жаңа Есіл ауданы 2008 жылдың 5 тамызында құрылды. 2018 жылы Үкімет Астананың төртінші әкімшілік ауданын құру туралы ұсынысты қолдап, Байқоңыр ауданы ашылды. Соңғы аудан



Нұра 2022 жылы желтоқсан айында құрылды. Таяуда тағы бір аудан ашылады.

## БАС ҚАЛАНЫ АЙШЫҚТАҒАН БАСТЫ НЫСАНДАР

Еңселі Астанамыз ең қысқа мерзім ішінде салынып, елдің қарышты дамуының нышанына, жаһандық сәулет өнеріндегі бірден-бір қайталанбас «Ғасыр жобасына» айналды. 2000 жылы Астананың жаңа әкімшілік орталығын құру жұмыстары басталды. Ол жерде Президент резиденциясы «Ақорда», оның жанында Мәжіліс пен Сенаттың, Үкіметтің, Президент әкімшілігінің және Министрліктер үйінің биік ғимараттары орналасты. 2001 жылғы 9 мамырда «Отан қорғаушылар» ескерткіші ашылды. Сол кезден бастап, жыл сайын, осы жерде Жеңіс күніне орайластырылған шаралар өткізіледі. 2002 жылы Астананың Алматыдан Ақмолаға көшірілуінің символы ретінде «Бәйтерек» монументі тұрғызылды. 2003 жылы Ішкі істер министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігінің әкімшілік ғимараттары салынды.

2004 жылы Астананың туған күні алғаш рет сол жақ жағалауда аталып өтті. Сол жылы Президент резиденциясы – «Ақорда» ашылды. Жоба жұмысымен Еуропа мен Қазақстанның танымал сәулетшілері айналысты, олардың қатарында атақты еуропалық дизайнерлер М.Гуалацци мен А.Мольтеgni бар. 2005 жылы барлық дерлік мемлекеттік аппарат Астананың жаңа әкімшілік орталығына көшірілді.

2008 жылғы 6 шілдеде «Қазақ елі» монументі ашылды. Әлемде баламасы жоқ, бірегей сәулет ғимараты қазақ халқының ежелгі тарихын, мәдениетін және жеткен жетістіктерін

Биыл шілдеде ел ордасы – Астана қаласына 26 жыл толып отыр. Осы уақытқа дейін еліміздің бас қаласы дамудың бірнеше сатысынан өтті. Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді ҚР Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. 1997 жылы 20 қазанда астананы ауыстыру туралы Жарлыққа қол қойылды. Оны ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Тұңғыш Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық деңгейдегі тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда болды. Бүгінде Астана халықаралық аренада өзіндік келбеті бар, заманауи даму үрдісінен қалмай келе жатқан жас қалаға айналды.

зор. Монумент ортасында барлық діндердің бірлігін білдіретін әлемнің 17 дін өкілдерінің қолтаңбасы бар ағаш глобус орналасқан. Монумент өзінің орналасуымен және композициялық құрылымымен ежелгі көшпелілердің космогониялық идеяларын білдіреді. Металдан, әйнек пен бетоннан жасалған бұл «терек» сәулеттік мағынасы жағынан да, жасалуы жағынан да бірегей.

## ТМД-ДА ТЕНДЕСІ ЖОҚ ВОКЗАЛ

Еліміздің бас теміржол қақпасы «Нұрлы жол» теміржол вокзалы 2017 жылы 1 маусымда пайдалануға берілді. Вокзал ТМД елдері арасында көлемі мен сапасы бойынша үздік деп танылды. ЭКСПО-2017 көрмесінің құрметіне ашылған вокзал аталған көрме кезінде 2 млн жолаушыға қызмет көрсетіп үлгерген. Ғимарат бір жылда 12 млн адам қабылдай алады, бір күн ішінде кешеннен қызмет алатын жолаушылар саны 35 мың адамға жетеді.



бейнелейді. 2008 жылғы 15 желтоқсанда «Тәуелсіздік сарайы» ашылып, ол әдемі сәулеттік ерекшелігі – қазақ киіз үйінің керегесіне ұқсатып жасалған қабырғаларымен ерекшеленді. Жыл сайын Тәуелсіздік сарайының алаңында әлемнің ірі халықаралық форумдарының бірі – Астана экономикалық форумы өткізіледі.

Сонымен қатар «Қазақстан» орталық концерт залы өз келушілерін қабылдады. Бұл алдыңғы қатарлы технологиялармен жабдықталған, бұқаралық шараларды өткізуге арналған алғашқы астаналық кешен болды. 2011 жылдың қаңтар-ақпан айларында Қазақстанда алғаш рет VII қысқы Азия ойындары өтті. Сол жылы желтоқсанда Оқушылар сарайы ашылды, онда балаларға қосымша зияткерлік, техникалық, шығармашылық-эстетикалық және физикалық тәрбиелеу сабақтары жүргізіледі. Осы жылы 10 желтоқсанда «Қазмедиа орталығы» медиа орталығы бой көтерді. Телерадио кешені теле және радиоарналардың жұмысына лайықталып тұрғызылған 22 қабатты ғимараттан тұрады.

2012 жылғы 6 шілдеде елорданың бірегей нысандарының санын көбейткен «Хазірет Сұлтан» мешіті ашылды. Мешітке 5 мың адам, ал мереке күндері 10 мың адам сияды. 2013 жылғы 21 маусымда «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры салтанатты түрде ашылды. Сол жақ жағалауда орналасқан театр бірегей сәулетінің әдемілігімен таңғалдырады. 2014 жылғы 2 шілдеде Ұлттық музейі ашылды. Ол Орталық Азиядағы ең ірі әрі жас музей, әлемнің ірі он музейінің қатарына кіреді. 2016 жылдың соңында Астананың балет труппасының жеке ғимараты пайда болды.

2017 жылдың көктемінде жаңа форматтағы MEGA SilkWay сауда-ойын-сауық орталығы ашылды. Ол – бірегей сәулетімен, дизайнымен, тұжырымдамалық толықтыруларымен ерекшеленетін, астанада демалуға арналған ыңғайлы орын. Сол жылы 31 мамырда Астанада Халықаралық әуежайдың жаңа терминалы бой көтерді. Жаңа терминалдың жалпы ауданы 47 мың шаршы метрді құрайды. 3 маусымда Астанада алғашқы көптен күткен әлемдік The Ritz-Carlton атты мейманхананың ашылу рәсімі өтті. 9 маусымда жылдың ең маңызды шарасы ЭКСПО-2017 көрмесінің ашылу салтанаты болды.

2002 жылы ашылған, биіктігі – 97 метр, диаметрі 27 метр «Бәйтеректің» қазақ халқының өмірінде басталатын жаңа кезеңнің нысаны ретіндегі маңызы

## АСТАНАНЫҢ СИМВОЛЫ – «БӘЙТЕРЕК»

2002 жылы ашылған, биіктігі – 97 метр, диаметрі 27 метр «Бәйтеректің» қазақ халқының өмірінде басталатын жаңа кезеңнің нысаны ретіндегі маңызы





# ТӨРІ – ЕЛОРДА

Аумағы 126 мың шаршы метр алты деңгейлі ғимаратқа 8 зал мен 2100 орын сыйып тұр. Ғимаратта сондай-ақ 27 лифт пен 64 эскалатор бар, 176 мониторингтен ақпарат таратады. Нысанды түріктің Tabanlıoğlu Architects компаниясы жобалаған. Дизайн MIPIM AR Future Projects байқауында бірінші орынды жеңіп алған.

## МӘДЕНИЕТ ПЕН РУХАНИЯТТЫҢ ОШАҒЫ

Мәртебесі астанаға ауысқаннан кейін қалада мәдениет ошақтарының саны арта түсті. Астанаға 1 жыл толғанда, яғни 1999 жылы қалада халықаралық білім стандартына сай «Мирас» халықаралық мектебінің алғашқы іретасы қаланды. Сол жылы ақпан айында еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газеті елордаға қоныс аударды. Көктемде Астана қаласында тұңғыш рет республикалық дәрежеде ақындар айтысы басталды. Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаевтың алқау батасымен басталған сөз сайысына ескікөз ақындар Көкен Шәкеев, Қалихан Алтынбаев бастаған 22 жүйрік қатысты. 10 маусымда Астана қаласы бір жылдық мерекесін салтанатпен атап өтті. 2003 жылы «Жастар» драма театры құрылды. 2018 жылы Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры,



спорттық кешен – ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін «Алау» мұз айдыны. Сонымен қатар «Сарыарқа», «Қазақстан» спорт сарайы, «Барыс арена» көпфункционалды мұз сарайы да бар.

## ӘЛЕУЕТІ МЕН ӘЛЕУМЕТІ ТЕН

Астана қаласының экономикасын сауда, транспорт пен

## ОҚУ ОРДАСЫ КӨБЕЙДІ

Ақмолада тәуелсіздік алған жылдары не бары 38 мектеп болыпты. Оның ішінде санаулы білім ордасы ғана қазақ тілінде оқытқан. Астана мәртебесін алып, мемлекеттік қызметкерлер Астанаға қоныс аударған соң халықтың саны да артты. Жаңа жұмыс орындары ашылып, елорда тұрғыны атануға асыққандар да болды. Ақмола елорда болған-

мемлекеттік, 63-і – жекеменшік, жетеуі – республикалық маңызы бар мектеп. Мектеп жасындағы балалар санының өсуіне байланысты оқушы орындарына деген қажеттілік артып келеді. Бұл мәселені шешу үшін елордада жаңа оқу орындары салынып жатыр. 2024 жылы 12 600 оқушыға арналған екі ауысымды 10 мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елордада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы іске асырылып жатыр. Осы жұмыс аясында 2024-2025 жылдары 90 мың оқушыға арналған 24 мектеп салынады.

## МЕДИЦИНАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДЫ

Денсаулық саласында 1998 жылы Астанада медициналық қызмет көрсететін не бары 15 мекеме болған. 1999 жылы қалада психиатрия, наркология, медициналық-әлеуметтік оңалту, жыныстық жолмен берілетін ауруларды емдеу, СПИД-тің алдын алу және бақылау орталықтары сияқты бірқатар мамандандырылған мекеме құрылды. 2008 жылы олардың саны 24-ке жетті. Ал кейінгі ақпаратқа сөйкес, елордада қазір 40-тан аса мекеме медициналық көмек көрсетеді. Одан бөлек республикалық деңгейде халықаралық стандарттарға сай қызмет ететін 10-ға жуық ірі орталықтар мен клиникалар сапалы әрі бағасы қолжетімді медициналық көмек көрсету жағынан шетелден келетін науқастар үшін тартымдылығымен еліміздің медициналық туризмін дамытуға зор септік етуде.

## ЖҰМЫССЫЗДЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Қалада 1998 жылы 21,4 мың адам жұмыссыздар қатарында

болған. Бұл сол кездегі тұрғындардың 13%-ын көрсетеді. Ширек ғасыр өткен кезде қалада миллионнан аса азамат тұрады. Ішінде 29 мың азамат жұмыссыз ретінде тіркелген. Бұл – халықтың 4,7 пайызы. Осыдан-ақ халықтың жұмыспен қаншалықты қамтылғаны көрінеді. Ал 1998 жылы 26 мың адам ғана өз ісін жүргізген болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 70 мың адамға жуықтады. Бұл бағытта да үш есеге жуық өсім байқалады. Ақмола кезінде қалада бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысы 1997 жылы – 9 874 теңге, 1998 жылы – 12 886 теңгеге тең болды. 10 жылдан кейін орташа жалақы мөлшері 89 631 теңге болса, былтыр ол 403 мың теңгеге жетті. 1998 жылдан бері қалада нақты жалақы көрсеткіші 340 пайызға өскен. 2024 жылғы I тоқсанда жұмыссыздар саны 32599 адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшіне қарағанда 4,5%-ды құрады.

## ЖАЗБЕН БІРГЕ ГАЗ КЕЛДІ

Қала көлемі ұлғайған сайын экология мәселесі де ушыға түсті. Әсіресе қыс кезінде қаланы қара түтін басады. Осыған орай ерданы газдандыру бойынша газ тарту желілерінің құрылысы үш кезекке бөлінді. 2021 жылы 1-кезектің, сондай-ақ ішінара газдандырудың 2-кезегінің құрылысы аяқталды. Жұмыстың 2,3-кезегінің қалған бөлігі бойынша республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2022-2025 жылдарға жоспарланды. Бүгінде тұтынушылардың дені Көктал-1, Көктал-2 т/а, Агроқалашық, «Железнодорожный», Про-



2020 жылы Музыкалық жас көрермен театры ашылды. Бүгінде қалада барлығы 5 драма театры бар. Сонымен қатар 27 кітапхана, 8 мемлекеттік мұражай, 10 демалыс және көңіл көтеру парктері, 6 кинотеатр жұмыс істейді.

## ЕҢ БИІК ЖӘНЕ БІРЕГЕЙ ҒИМАРАТТАР ҚАЛАСЫ

Қаланың ең биік ғимараттарына – Қазақстан теміржолы, Көлік және коммуникация министрлігі, «Изурудный квартал» ғимараттары, «Солтүстік шұғыла» – үш биік ғимаратты тұрғын үй кешені, «Триумф Астаны» – биік тұрғын үй кешені, «Думан» ойын-сауық орталығы жатады. Бұл қатарда құрылысы 2009 жылдан бері созылып, 2019 жылы ашылған «Абу Даби Плаза» көпфункционалды кешені де бар. Биіктігі 382 метрлік кешен қазіргі таңда Астанадағы ең биік мұнаралы нысан саналады. Сәулеті ерекше ғимараттар қатарын «Керуен» ойын-сауық орталығы да толықтырады. Жаңа спорттық нысандар арасында 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы, 2011 жылы әлемде үздік деп танылған, 10 мың орынға арналған «Сарыарқа» бірегей велотрегі бар. Тағы бір маңызды

байланыс, құрылыс құрайды. Бүгінде елордада құрылыс саласының барлық құрылымын қамтитын еліміздің жаңа құрылыс кластері қалыптасты. Құрылысқа салынған инвестицияның есебінен 1998-2023 жылдар аралығында қаланың тұрғын үй қоры 32 млн шаршы метрге жеткен. 1988 жылы қала аумағында 136,7 мың шаршы баспана берілген болса, 2022 жылы 2,4 млн шаршы метр баспананың кілті табысталған. Жалпы, қала экономикасына 1998 жылдан 2023 жылға дейін 13,7 трлн инвестиция тартылған.

Астана – шетелдік инвесторлар үшін ғана емес, отандық кәсіпкерлер үшін де тартымды қала. Бүгінде мұнда 220 мыңнан астам бизнес нысаны жұмыс істейді. Қаладағы әр үш тұрғынның біреуі шағын және орта бизнестен нәпақа тауып жүр. Ел аумағында көрсетілетін қызметтер мен жұмыстың 20 пайызы Астанадағы шағын және орта бизнес нысандарына тиесілі. Биыл барлық негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалып отыр. Өңдеу өнеркәсібі, білім, медицина, логистика, көлік және басқа да салаларда іске асырылған жобалардың нәтижесінде 1,8 мың жұмыс орны ашылған.

ша он шақты жыл бойы қалада бірде-бір мектеп салынбаған. Себебі оған қаражат та болмады. 1998-2008 жылдары елордада мектептер саны 38-ден 81-ге өсті. Оның басым бөлігі қазақ тілінде білім беретін болды. Ресми деректер бойынша, жаңа астанадағы алғашқы мектеп 1999 жылы пайдалануға берілді. Дәл осы жылы 1 200 балаға арналған білім ордасы есігін ашты. 2000 жылы да қалада мектеп салынбады, тек содан кейінгі жылдары ғана қарқын алды.

Ал қазір Астанада жалпы білім беретін 170-тен астам мектеп бар, оның 100-ден астамы –



мышленный, Оңтүстік-Шығыс оң жағы, Оңтүстік-Шығыс сол жағы, Күйгенжар, Мичурино, Интернациональный т/а, сондай-ақ «Ақбидай», «Қазақ-ауыл» үш шағын аудандарында және қаланың ескі бөлігінде орналасқан. 650 км-ден астам газбен жабдықтау желілерінің құрылысы жүргізілді. Газға 200 мыңнан астам тұрғыны

бар 12 мың абонент қол жеткізді. Сондай-ақ ЖЭО-1 мен ЖЭО-2-нің 16 қазандығы газға ауыстырылды.

Бүгінде Астана қаласы іскерлік хаб ретінде қалыптасып, дамыды. Қаланың қазіргі әлеуетін, сондай-ақ дамыған инфрақұрылымды ескере отырып, елордада MICE (Meetings, Incentives, Conferences, Exhibitions) туризмді дамытуға көп көңіл бөлініп жатыр. Бас қалада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар тұрақты түрде өтіп келеді. Биыл шілде айында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті ел өңірінде елеулі оқиға болса, қыркүйекте Дүниежүзілік Көшпенділер ойыны өтетіні де Астананың мәртебесін әлемдік аренада асқақтата түсері сөзсіз. Осылайша Астана халықаралық маңызы бар түрлі форумдар, конгрестер мен өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығына айналды.

## ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

- Астана – жастардың қаласы, тұрғындарының орташа жасы – 30 жас.
- 2012 жылы ТМД мен Түркі әлемінің астанасы болып жарияланды.
- «Астана Опера» – Орталық Азиядағы ең үлкен театр.
- «Хан шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы – әлемдегі ең үлкен шатыр.
- «Думан» ойын-сауық орталығындағы мұхитарал – Гиннестің рекордтар кітабына енген. Әлемдегі көк мұхиттан 3000 шақырым қашықтықта салынған кешенге 120 тонна теңіз тұзы қолданылған.
- Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхана – ең үлкен кітапханалардың бірі, 2,5 млн-нан астам кітап қоры бар.
- Елордадағы ең ескі ғимаратқа 178 жыл болған. Ол – Сәкен Сейфуллиннің музейі. Оның негізі 1846 жылы қаланған.

• Еліміздегі көк байрақтың ең үлкені – Астанада. Тудың көлемі – 15х30 метр. Ол 111 метр биіктікте орналасқандықтан, көк байрақты қаланың кез келген жерінен көруге болады. Бас қаладағы бұл ту көлемі бойынша әлемдегі ең үлкен жалаулардың ішінде төртінші орында тұр.

• Астанада 16 тұрғын алап бар. Онда халықтың төрттен бірі тұрады.



## ЕЛОРДАНЫҢ ЖЕТИ КЕРЕМЕТІ

**К**өрменің архитектуралық символы саналатын «Нұр Әлем» – әлемдегі ең үлкен сфера. Оның диаметрі – 80 метр, ал биіктігі – 100 метр. Халықаралық байқауға қатысқан 105 компанияның ішінде Adrian Smith + Gordon Gill Architecture АҚШ сәулетшілері тобының жобасы үздік болып танылды. Ғимараттың алғашқы қабаты Қазақстанның тарихы, мәдениеті, дәстүрі, көрікті жерлері мен еліміздің соңғы жетістіктеріне арналған. Павильон «Қазақстанмен танысу» және «Жасампаздық энергиясы» атты екі басты тақырыпты қамтиды. Ал 2-8 қабаттары болашақтың музейі іспеттес. Тарқатып айтсақ, сандық, мультимедиялық және интерактивті технологиялардың көмегімен жасалған әрбір қабат түрлі энергияның мүмкіндігін таныстырады.

Келген қауым 2-қабатқа көтерілгенде, су энергиясын өндіретін құрылғыларды көреді.

Келесі қабатта кинетикалық энергияның тарихи жәдігерлері сақталған. Ал биомассаға арналған 4-қабатқа кірсеңіз, жайқалған жасыл желектің ішінде аң-құсты байқайсыз. 5-қабатта жел қуатын көрнекі түрде көрсететін ауа фонтаны бар.

Бір қабат жоғары көтерілгенде, күн жүйесінің қалай пайда болатынын байқап, күн сәулесінен қуат алатын көлікке отырып, жарысқа қатыса аласыз. 7-қабатта ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлердің киімдері мен кемесін көресіз. Соңғы сегізінші қабат «Астана – болашақтың қаласы 2050» деп аталады. Алып экраннан қала құрылысының қарыштап дамуын бейнелейтін фильм көрсетіледі. Одан бөлек, болашақта жоспарланған жобалармен танысаңыз. Соңдай-ақ бұл қабатта 93 метр биіктікте орналасқан «шыны көпір» бар. Ғимараттың жоғарғы бөлігіндегі

## ЖАҢА СИМВОЛ –

## «Нұр Әлем»

«ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің мұрасына айналған «Нұр Әлем» павильоны елорданың ғажайып ғимараттары қатарын толықтырды.



шолу алаңына лифт арқылы көтеріліп, бүкіл ЭКСПО қалашығын тамашалауға болады.

«Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының бас менеджері Роза Асанбаеваның айтуынша, сәулеттік шешімі мен келбеті көз тартатын «Нұр Әлемнің» бірнеше ерекшелігі бар. «Нұр Әлемнің» құрылысына 13 мың тонна металл кеткен. Шар 2800 әйнек жабындысынан жасалған. Әр әйнектің

салмағы 600-800 келіге дейін жетеді. Құрылымның күн энергиясын электр қуатына айналдыратын жабдығы бар. Сфераның жоғарғы жағында 2 алып жел генераторы орнатылған. Нысанның жалпы аумағы – 22 мың шаршы метр. Бұл төрт футбол алаңының көлемімен пара-пар. Жалпы көрме нысандарының құрылысы үшін 56 мың тонна металл мен 500 мың тонна бетон жұмсалған. Есептесек, бұл әлемдегі ең биік екі

мұнараны тұрғызуға жетеді.

Ғимараттың «кірпіші» енді қаланып жатқанның өзінде сәулет өнерінен хабары бар адамдар оны Лондондағы «Хрусталь сарайына», Париждегі «Эйфель» мұнарасына, Брюссельдегі «Атомим» іспетті белгілі нысанға айналатынына сенім білдірді.

Әлемде сфера түріндегі жалғыз ғимарат «Нұр Әлем» туризм және халықаралық көрмелердің әлемдік мұрасына енді.

## БАС ҚАЛАНЫ ҚАЛАЙ КӨРКЕЙТЕМІЗ?

Ел және өңір тарихында орны бар Ақмоланың жөні бөлек, ал елорда болып жаңғырған Астана – жас қала. Тәуелсіздіктен кейін таңдалған бірінші астанамыз азаттықтың рәмізі іспетті. Жаңаша ойлауға, тыңнан қадам жасауға, жас буынға кең жол ашуға мүмкіндік беретін шаһар.



Ел байтағында өмір сүру – екінің біріне бұйыра бермейтін бақ әрі соған сай жауапкершілік. Қаланың қақ ортасын бөліп аққан ерке Есіл, көрікті көпірлер, еңселі ғимараттар мен тарихи ескерткіштер көз тартады. Өзіне тән табиғаты, заманға сай келбеті бар елордамызды аялауға, оны қызғыштай қорғауға тиіспіз.

Иә, Кеңестік кезең насихатында ел жүрегіне «ен, ең...» деп ең таға сөйлеу сен еді. Қазір ондай жалған, әсіре бейнелеудің қажеті шамалы. Өйткені әлемде астаналардың қалыптасқан өлшемсіз сай рейтингі бар. Тұрғындарының қауіпсіз, бақуатты өмір сүруіне қолайлы жағдай жасаған заманауи қала ғана озық астана мәртебесіне лайық деп танылады.

Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби әйгілі трактатында: «Қайырымды ізгі қала керемет, сау денеге ұқсайды, оның барлық мүшелері бір-біріне тірі тіршілік

иесінің өмірін сақтауға және оны толығымен қызмет жасауына көмектеседі» деп жазған екен. Шындығында, қазіргі Астананың ахуалын, артықшылығы мен кемшілігін, жақсысы мен жасығын ең бірінші оның тұрғындары байқайды. Оны қоғамдық сана дейміз. Кез келген органның әуелгі байлығы – сана-сезімі жоғары, жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, адал, білімді, талантты, мәдениетті, меймандос адамдар. Ал әділетті болу – ауызекі айта салатын жалаң ұран емес, ол ұрпақтар жалғастығымен, дәстүр сабақтастығымен бірге келетін қасиет. Қайткенде де Астана Жаңа Қазақстан құру жолында еліміздің көшін бастайтын бағаналы, басты орда болуға тиіс. Біз өзіміз қандаймыз – қаламыз да сондай. Қарапайым амандасудан бастап көлденең жатқан қоқыстың түйіріне дейінгі мәдениет – баршамызға ортақ мәдениет,

ортақ жауапкершілік.

Бас қала тұрғындарының мереке үстіндегі арман-тілегі мен мақсат-мұраты осындай қағидаттан өрбуі керек деп ойлаймыз.

Дәстүрге айналған мереке, Астана күні де келді. Байтақ қала халық санымен бірге күн сайын өсіп, дамып келеді. Тұрғындарының тұрмысы мен мәдениеті, жалпы сана-сезімі өзгерді. Ақпарат тасқындаған заманның өз заңдылығы бар, оған төтеп берудің өзі оңай емес. Мұны үлкен сын десе болады. Ғаламтор мен ғаламжелі бүкіл әлемді бір кеңістікке сыйғызғалы қашан. Біріміз бірге өмір кешіп жатқандаймыз. Бұл – әлеуметтанушы, урбанист т. б. кәсіп иелері зерделеп, зерттейтін тақырып. Енді қала күні мерекесінде жекелеген тұрғындардың үніне құлақ түріп көрелік. Өйткені олардың ашық ойы мен шынайы ұсынысы қоғамдық пікірге, ортақ шешімге тамыздық болуы да мүмкін.

## ЖАС АРХИТЕКТОР АЙТАДЫ:

– Елорданы бұдан әрі далитып, үлкейте берудің қажеті жоқ. Алдағы уақытта қала ішіндегі бірқатар ескі үйлерді сүргізіп, солардың орнына зәулім ғимараттар тұрғызып, саябақтар жасаған жөн. Ал ландшафт дизайнерлері демалыс орындарын көбейтуді, суландыру жүйесін реттеп, көгалдандыруды, осы аумақта тамыр жаюға бейім өсімдік пен ағаш түрлерін, гүлзар мен ауланы жарықтандыруды ұсынуға тиіс.

## ЖАС ҒАЛЫМ АЙТАДЫ:

– Ғылымды, соның ішінде қаланы дамытуға қатысты қолданбалы ғылымды жаңа арнаға бұрған жөн. Нәтижесін көргенде ғана оның әлеуетіне, болашағына жастар сенімі артады. Қаладағы жол құрылысынан, қозғалысынан бастап қару-жарақ өндірісіне дейін, тұрмыс-тіршілікке қажетті салалардың бәрінде жасанды интеллектіні қолдану маңызды. Нақ осы салаға еліміз қаржы құйып, гранттар бөлсе, бәйге жарияласа, әлемнің озық, жаңашыл ғалымдарымен

қоян-қолтық араласуға мүмкіндік туады. Көш соңында қалып кетпудің жалғыз амалы – ғылыми инновацияларды, жаңа технологияларды қажетті салаларға батыл енгізу. Өйткені тың идеялардың, құнды бастамалардың қозғаушы күші орасан.

## ЖАС ТАЛАНТ АЙТАДЫ:

– Соңғы кезде бақыттың жат елден іздемекке бел бұған жастар көбейді. Оларды райынан қайтаруға әлі де мүмкіндік бар. Өнер, спорт салаларында жастардың жетістікке жетіп, жеңіс тұғырына көтерілуі – қалыптасқан нәрсе. Ал таланттарды шынайы бәсеке шыңдайды. Бұрын оларға өз халқымыз ғана сыншы болса, қазір бірегей талант екенінді әлемге дүние жүзі аренасында дәлелдеуге тура келеді. Оған мысал да бар, бірақ табыс тым аз, ел танитындары санаулы ғана. Білікті ұстаз-оқытушының, мықты жаттықтырушының, таңдаулы тәлімгердің рөлі де арта түседі. Адал табыс табу, мол байлыққа қол жеткізу ізгі мақсатқа айналады. Тек лайықтылар ғана сахна мен телеэкран төріне шығуға тиіс. Көлденең көк аттылардың түрлі марапатқа иінуі – әділетсіздіктің шырқау шегі. Ондайға тосқауыл болмаса, өнер-білім іздеген жастар жолынан адасуы мүмкін.

## ЖАС ДӘРІГЕР АЙТАДЫ:

– «Саудың басындағы тәжді ауру адам ғана көреді» деген мәтел бар. Елордада ауырмайтын жол іздеуге, яғни саламатты өмір салтын ұстануға барлық мүмкіндік бар. Жуырда «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» заң қабылданды. Енді табиғи өнімдерді өндіру пайдалы іске айналады. Тұтынуды көбейтуді. Қазір Астанада спорт алаңдары мен кешендерді, стадиондар мен бассейндерді, фитнес залдарын есептегенде жаяу, велосипедпен жүретін арнайы жолдар бар, әрбір тұрғын үй ауласында дене шынықтыру, жаттығу алаңдары жасақталған. Қала маңындағы орман-тоғай алқабында серуендеп, сейіл құрғысы келетіндер үшін де ешқандай кедергі жоқ. Бірақ қаланы ластау мен қазынаның бүтін затын, бұйымын бүлдіру тыйылмай келеді. Бұл жағы – таза Қазақстаннан гөрі, тәртіпті Қазақстанның әңгімесі. Мұның бәрі дені сау, жаны таза ұрпақ өсіріп, тәрбиелеуге көмектеседі. Өйткені дені сау ұлт – мемлекеттің баға жетпес байлығы.

Дархан МЫҢБАЙ,  
мемлекет және қоғам қайраткері

Надежда ПЕТУХОВА,  
Астана қаласының  
құрметті азаматы,  
жоғарғы санаттағы  
дәрігер, «Алтын дәрігер»  
төсбелгісінің иегері:

КӨЗ  
АЛДЫМЫЗДА  
КӨРКЕЙДІ

– Мен адамдық бақытымды Астанадан тапқан жандардың бірімін. Осы бақытымды бұйыртқанына шүкір етемін! Астана қаласының үш шақырылымында бірдей мәслихат депутаттары болдым. Екінші шақырылымдағы депутаттардың қызметі жас астананың белсенді құрылысының кезеңімен, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүргізумен тұспа-тұс келді. Елорда біздің көз алдымызда өсіп, өркендеді. Сол кездегі сессияларда астананы абаттандыру, тұрғын үй құрылысы, жолдарды жөндеу, тиісті инфрақұрылымды әзірлеу мәселелерін шешумен айналыстық.

Тарихта тасқа басылып қалған оқиғаның бірі – Астана қаласы мәслихатының 2001 жылғы 23 мамырдағы шешімімен жапон сәулетшісі Кисе Куракаваның басшылығымен жапон халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттік зерттеушілер тобы жасаған Астана қаласын дамытудың бас жоспары мақұлданып, бекітілді. Біз ол кезеңде елорда тұрғындарына қолайлы жағдай жасауға, астаналықтардың әл-ауқатының деңгейін арттыруға бағытталған әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларды бекіттік. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі бағдарламалар өте маңызды болатын. Ең алдымен, мектептер, ауруханалар және әлеуметтік мекемелер салу қажет еді. Соның бәрине күз болды.

Осы жылдарда қаншама адамның елордаға еңбегі сіңді, әр салада қолтаңбасы қалды. Астана салу бір ғана адамның қолынан келетін іс емес. Мысалы, мен депутат болып жүріп адамдарды танып-білудің, қарапайым халықпен дұрыс, шынайы қарым-қатынас жасауды үйренудің үлкен мектебінде шыңдалдым. Өзім сияқты адамдармен арадағы ізгі қарым-қатынас орнату, дос болу арқылы өсіп-жетілдім. Сол үшін қалаға қарыздармын. Маған сенім артқан жастардың бәрине ризашылық сезімді жеткізім келеді. Бұрынғы әріптестерімді, күллі астаналықтарды Қала күні мерекесімен құттықтаймын! Еліміз аман болып, елордамыз өркендей берсін!





Бұл ғажайып сарай – қазақ жеріндегі бірлік пен достықтың, бейбітшілік пен ынтымақтастықтың белгісі.

**Б**ас шаһарда пирамида тәріздес сарайдың бой көтеруі, түрлі ұлт, дін өкілдерінің басын қосып, барша адамзатты бейбітшілік пен жақсылыққа жетелейтін шешімдер қабылдайды деген идеядан туған.

Сарай 2006 жылы 2 қыркүйекте салтанатты түрде ашылды. Дәл осы жылы қайта қауышқан съезд делегаттары екінші басқосуын жаңа, бірегей ғимарат – Бейбітшілік және келісім сарайында өткізді.

Ғимаратты көрнекті ағылшын архитекторы Норман Фостердің жобасымен Түркияның «Сембол Иншаат» құрылыс компаниясы салды. Атақты сәулетші туралы тұн асырып сөйлеуге болады. Талантты тұлғаның ең жиі ауызға алынатын бейресми атағы – хай-тек королі. Мәскеудің «Вече» баспасынан 2000 жылы шыққан «100 ұлы архитектор» жинағындағы Фостер туралы мақалада хай-текке «технологияның эстеттендірілуі» деген анықтама берілген. Бүгінде хай-тектің классигі деп даусыз мойындалатын Фостердің жобалары осы анықтамаға толық жауап береді. Оның Гиннесс кітабына атан түйе ғана көтеретін атақ-лауазымы көп адам ретінде кіргені де талай жайды аңғартады. Осы саладағы Прицкер сыйлығының лауреатын алған. Бұл, бейнелеп айтсақ, архитектурадағы Нобель сыйлығы. Оның сыртында Фостер – 60 ұлттық және халықаралық конкурстардың жеңімпазы. Шындығында, мұндай мәртебеге арғы-бергі сәулет өнерінде жеткен адам жоқ. Осындай абыройы асқан азаматтың қолынан шыққан ғимарат кіндік қалаға ерекше көрік беріп тұр.

Ғимарат қолдан жасалған жота үстінде орналасқан. Оның табан қабырғасының ұзындығы – 62 м, ауданы – 25,5 мың шаршы метр. Ғимарат экстерьері пирамида түрінде болса, сарайдың орталық күмбезді залы Нью-Йорк қаласындағы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің холы тәрізді етіп салынған. Сарайдың сыртқы беті ішкі бейнені көрсететін әйнек және тас плиталармен қапталған, ал пирамиданың төбесі, яғни күмбезі елімізде тұратын түрлі ұлт өкіл-



## Бейбітшілік және келісім сарайы



дерін суреттейтін 130 ақ көгершін бейнеленген нағыз өнер туындысы атақты суретші Брайн Кларктың витражымен безендірілген. Түнде күмбез жанып, маяк секілді әртүрлі мәдениеттің, діннің, халықтың бірлігін бейнелейді. Онда Қазақстан халықтары Ассамблеясы, ұлтаралық және дінаралық келісім орталығы, мұражай, 1,5 мың орынды опера залы, кең орталық атриум мен қысқы бақ орналасқан. Бейбітшілік және келісім сарайындағы лифттердің барлығы 60 градуспен көлденеңтен қозғалады. Ғимаратта бес лифт бар. Ал ғимарат аса аязды күндері 6 см-ге дейін тарылады.

Бүгінде бейбітшіліктің бесігіне айналған әсем ғимараттың ашылғанына жиырма жылға жуық уақыт болды. Осы аралықта сарай мемлекеттік маңызды жиындар мен ордалы ой айтатын орталыққа айналды.

Қылыш ЕЛЕУСІЗОВ,  
еңбек ардагері:

### ӘКЕМНІҢ ІЗІ ҚАЛҒАН...

– Астана – мен үшін тым ыстық. Тұп-тамырым осы өлкемен тығыз байланысты. Әкем Ақмолада туып-өсіп, ашаршылық кезінде жетім қалады. Ел басына кун туған қиын-қыстау кезеңде ағасымен бірге соғысқа аттанып, аман-есен елге оралғаннан кейін орманда қызмет еткендіктен, Қарағанды облысының Жаңарқа ауданына жұмыс бабымен жіберіледі. Сол жерде біз дүниеге келдік.

Жаңарқада ауданық партия комитетінде еңбек етіп, Алматы жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісіне, хатшысына дейін көтеріліп лауазымды қызметтер атқарғаныммен үнемі елордаға қоныс аударуды ойлап, әкемнің ізі қалған Астананың өркендеуіне өз үлесімді қоссам деп армандап жүрдім.

2020 жылы сол арманым орындалып, алдымен Астанадағы аймақтық мемлекеттік мүлік және ерекшелендіру комитеті бақылау-тексеру бөліміне бас маман болып жұмысқа орналастым. Кейін Қаржылық бақылау басқармасында, құрметті демалысқа шыққанға дейін Астана қаласы әкімдігінің аппаратында ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінде қызмет ете жүріп, еліміздің бас қаласында ұйымдастырылатын барлық іс-шараның басы-қасында болу бақыты маңдайыма бұйырған екен. Талай рет сырттан келген делегация өкілдерінің Астананың келбетіне тамсанып, таңдай қаққанына куә болдым. Әсіресе, II Рим Папасын қарсы алғанымыз, шығарып саларда аспанда үйіріліп тұрған қап-қара бұлттың сап тиылып, күннің шайдай ашылғанын қалайша ұмытайын? Талай тарихи оқиғалардың ортасында жүріп, үлкен жауапкершілікпен жұмыс істедім. Сол үшін сан рет мақтау қағаздары мен марапаттарға ие болдым.

Бұрынғы Ақмола мен қазіргі Астана салыстыруға мүлде келмейді, жер мен көктей. Халқы да керемет, жыл өткен сайын қазақыланып келеді. Біздің жастау кезімізде сәл жаңбыр жауса, айнала лай, батпақ боп кететін еді. Қазір барлық жерде асфальт, қала күннен-күнге көркейіп, адам танымастай өзгерді. Мен көбіне жаяу жүремін. Сонда қаламыздың осыншалықты сұлулығы мен сымбатына қайран қаламын. Бұл шаһардың гүлденуіне, көркеюіне өзіміз де үлесім барын мақтан етемін.

Болашақта бас қала қазіргіден де әдемі, өркенетті елдер көшіне ілеседі деп сенемін. Бүгіннің өзінде елорда барлық жағынан дамып келеді. Енді Астананы өркендетуге біздің балаларымыз үлес қосуда. Тек, ұрпағымыз ұлттық дәстүрді дәріптеп, құндылықтарымызды құрметтеп, елордадағы көшелердің атауын қазақшалаңдырып, ұлттық киімдерімізді күнделікті киіп жүруді әдетке айналдырса, тіпті тамаша болар еді.

## ТАРИХ ТАҢДАҒАН АСТАНА

«Бәйтерек» монументі алаңында Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Астана қаласының мемлекеттік архиві елорданың өткені мен бүгініне арналған фотокөрме ұйымдастырды.



Айгул  
УАИС

Астана қаласының мемлекеттік архиві жүйелі түрде музейлер мен архивтер, кітапханалар қорынан, жеке тұлғалардың архивтерінен астананың өткен тарихына қатысты

құнды деректермен қатар тарихи фотосуреттерді жинастырып, оны пайдалану, жариялау бағытында жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта архив қорында 2000-ға жуық фото, 37 дыбысжазба, 56 бейнежазба сақталуда. Ақмола өңірінің тарихына қатысты маңызды дереккөздердің бірі ретінде фотограф Константин

Шаховтың түсірген фотосуреттері ерекше орын алады. Ескі Ақмоланың әкімшілік ғимараттары, мешіттері, шіркеулері, ақмолалықтардың бейнелері әдемі сурет болып көрермендерімен қауышты.

Жалпы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы Ақмола уезінің қала ретінде қалыптасуы және негізгі сауда

орталығы ретінде қалыптасуымен тұспа-тұс келеді. Сол себепті де фотокөрмеден орын алған 1839-1940 жылдары салынған Ақмола бекінісінің мұнарасы, Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин қаржысына 1838 жылы салдырған алғашқы мешіт, атақты көпестердің «Керуен сарай» дүкендері ескі сурет болып өткен ғасырлардың көрінісін көзі алдымызға әкелді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Ақмола қаласының үш атқыштар және бір атты әскер дивизиясын дайындап, майданға аттандырғаны соғыс шежіресінде қалды. Оның дәлелі болып ескі суреттер қалды.

Еліміздегі тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Ақмола облысымен бірге қаласы да елеулі өзгерістерге ұшырады. 1960 жылдың 26 желтоқсанында Тың өлкесі құрылып, Ақмола оның орталығы болды. Қала атауы Целиноград болып өзгертілді. Тың деректері де бүгінгі Астананың шежіресін құрайды.

Жаңа астананың құрылыс кезеңдері мен тәуелсіз Қазақстан дәуірін сипаттайтын құнды фотосуреттер де бар.

Көрменің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Астана қаласының мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин көне құжаттардың сақталып, оны қоғам игілігіне жеткізудің барлық мүмкіндіктері барын, астаналықтардың мереке қарсаңында ашылған фотокөрме елордамыздың өткені мен бүгінін, келер болашағын насихаттайтын іс-шара ретінде маңызды екенін атап өтті.



Гүлнүр  
СЕЙДАЛИЕВА,  
Астана қаласындағы  
№59 мектеп-лицейінің  
бастауыш сынып  
мұғалімі:

## ӨМІРІМДІ ӨЗГЕРТКЕН ҚАЛА

– Астана қаласы – мен үшін жүрегімнің бір бөлшегі, өсіп-өнген, дамып жатқан сүйікті мекенім. Астана күні – мен үшін ерекше күн, себебі осы қалада менің өмірімнің маңызды кезеңдері өтті.

Астана – тек Қазақстанның астанасы ғана емес, сонымен қатар заманауи мәдениет пен білім орталығы. Қаланың әрбір бұрышы, әрбір көше, әрбір ғимарат өзінің ерекше тарихын сақтайды. Менің өзімнің кәсіби дамуыма үлкен септігін тигізген қала. Мұғалім ретінде Астанада жұмыс істеу – үлкен мүмкіндіктер мен жаңа тәжірибелерге толы өмір. Астананың дамуымен бірге менің де өмірім өзгерді. Қаланың дамыған инфрақұрылымы, жаңа мектептер мен оқу орындарының ашылуы, білім беру саласындағы инновациялық жобалар мені үнемі алға жетелейді. Мұғалімдер үшін бұл қалада жұмыс істеу өте тиімді, себебі барлық жағдайлар жасалған. Әріптестеріммен бірге біз бірлесіп отырып, оқушыларымызды жаңа жетістіктерге жетелеуге тырысамыз. Бұл қалада мен өзімнің кәсіби өсуіме, білімді жетілдіруге, жаңа дәстүр мен әріптестер табуға мүмкіндік алдым. Астана күнін тойлау бұл қалаға, оның жетістіктеріне және болашағына деген мақпаныш сезімімен бірге жүреді. Бас қалада 2006 жылдан бері тұрамын. Бес балам, өнегелі отбасым бар. 17 жылдық ұстаздық қызметімнің басым бөлігі осы қалада өтуде. Астанада ұрпақ тәрбиесінде білім беру жүйесі жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Қалада заманауи технологиялармен жабдықталған мектептер мен оқу орындары бар, бұл оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді, бұл білім сапасын жоғарылатады. Оқушылардың шығармашылық және ғылыми қабілеттерін дамытуға жағдай жасалып, оларды халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеу мақсат етіледі.

## ЕЛОРДАНЫҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ

# Астана Опера – БЕКЗАТ ӨНЕР ОРДАСЫ

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры 2013 жылы ашылды. Елорданың сол жақ жағалауында орналасқан театр ғимараты көз тартарлық әсемдігімен таңдандырады.

Театр әу баста ғажайып кешен ретінде техникалық және көркемдік жетістіктерді бойына жинақтаған. Әлемдік деңгейдегі белді де беделді опера және концерттік залдардың, яғни Миландағы «Ла Скала», Мадридтағы Корольдік опера, Мәскеудегі Үлкен немесе Нью-Йорктегі «Метрополитен-опера» сияқты театрлардың қатарына кіруге әбден лайық.

Театрдың кірпішін қалауға отандық мамандармен қатар Швейцария, Италия, Албания, Марокко, Ресей шеберлері де қатысты. Жоспарлау барысында мұндай ғимараттарды салудағы жинақталған әлемдік тәжірибе ескерілді.

Классикаға негізделген ғимарат эллинистикалық нақыштарға толы, маниеризм мен барокко бағытына да мән берілген. Осылайша, архитектуралық сағат тілдерін жылжытып, көне грек стилінде ұтымды жасалды.

Театрдың кіреберіс маңдайшасын мүсіншілер М.Мансұров пен Т.Ермековтің «Қобызшы» және «Жетігенші қыз» туындылары әшекейлеп тұр. Италияның Виореджио мен Петро-Санта қалаларында құйылған бұл мүсіндік композицияларсыз театр қасбетін көзге елестету қиын.

Театрдың төбесіне қойылған квадрига (авторы – марқұм Қанат Нұрбатыров) сақ патшайымы Томирисің бейнесінде берілген. Барлық мүсіндік композициялар қоладан жасалып, олар уақыт өтісімен платинамен бүркеліп, көркемдік қасиеті одан сайын әрлене түсті.

Театрдың ішкі бөлмелерінің әрлендіру материалдары әр жеке бөлменің мақсатына және стилине қарай түрлендірілген. Көрерменге арналған ғимарат бөлігі аса тағампаздықпен безендірілген. Материалдар мен әрлендіру үлгісі классикалық стильдегі архитектураның барлық талаптарына сай келеді. Орталық фойе еденіне сицилиялық мәрмәр тасы төселген.


Қабырға өрнегі қолмен 3D пішімінде салынып, кеңістікті кеңейтеді. Бұл суретті салғанда суретші еліміздің табиғатынан шабыт алғандай. Қабырғада қызғылт камалдар қорғаны Шарын шатқалы мен Бұрабай көлінің ғажайып бейнелерін кездестіруге болады.

Басты көрермен залы ұлттық нақышта әшекейленген. Ол 1250 адамға есептелініп, италиялық және бүгінгі заман талабына сай стильмен жетілдірілген. Отыратын орындар артер, бельэтаж және жоғарғы деңгейдегі үш қатарлы ложаларға бөлінген. 450 орынға шақталған партер әр көрерменге қойылымды ыңғайлы көруге есептелініп жасалған.

Камералық залға 250 адам сияды. Ол камералық музыка концерттері және солистердің өнер көрсетуі, шағын акустикалық халық музыкасы ансамбльдері, хор, драмалық спектакльдер қойылымдары, поэтикалық декламация, конференциялар, фильмдердің проекциясын көрсету шараларына ыңғайлы. Камералық залда дыбыс күшейту үшін 7.1. форматтағы көлемді дыбыстау аудиожүйесі қолданылады. Бұл шағын әрі сәнді зал сиқырлы музыканың әр дыбысын қалт жібертпей сезінуіне жағдай жасайды.

«Астана Опера» театры керемет дыбыс сапасымен мақтана алады. Акустикамен Италия мен Германияның жетекші мамандары жұмыс істеп, ғажап нәтижеге қол жеткізілді. Залдың еш жерінде дыбыс сапасы төмендемейді.

Театрдың сахналық жарық жабдығы әлемдік озық тәжірибе бойынша құрастырылған. Бас залда әртүрлі қуаттағы және мақсаттағы мыңға тарта, ал камералық залда елуге жуық прожекторлар қойылған. Жарық реттеу қондырғысы, дыбыс режиссерлік пулты және аудармашы кабинасы көрермен залында екінші балкондық қабат деңгейінде орналасқан.



2013 жылдың 21 маусымында «Астана Опера» театры алғашқы маусымын ұлы композитор Мұқан Төлебаевтың «Біріжан-Сара» туындысымен салтанатты түрде ашқан еді. Әр жаңа театрлық маусым көптеген шығармашылық жаңалықтар әкеледі. Театрды көркейту мақсатында бүгінгі күні Еуропаның атақты театрларымен келісімдер

жасалды. Солардың ішінде «Париждің Ұлттық Операсы», «Рим операсы», «Ла Скала», «Сан-Карло» театрлары бар. «Астана Опера» театрының қасбетінде қасиетті Самұрық құсы бейнесінің болуы кездейсоқ емес. Алып қыраның бейнесі Бәйтерек ағашының басында отырып, әлем елдерінің арасын жалғаған бейбітшілік құсы іспеттес.

## АТ ШАБА МА, БАП ШАБА МА...

Астана қаласында 8-14 қыркүйек аралығында, күллі түркінің басын қосқан 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Жарыс бағдарламасына сәйкес онда спорттың 20 түрінен жарыс өтеді. Оның ішінде 10 спорт түрі қазақтың ұлттық спортына жатады.

### Шапағат ӘБДІР

– Аталған ойындардың бағдарламасы спорт, мәдениет, ғылым сынды негізгі үш саланы қамтитын болады. Онда ат спорты, ұлттық күрес, садақ ату, интеллектуалды ойындар, саятшылық сияқты басқа да ұлттық ойындардың 21 түрінен жарыс ұйымдастырылмақ. Ал атағы дүниені дүбірлеткен V кезекті көшпенділер ойындарының ұраны «Ұлы дала дүбірі» деп аталады. Сонымен қатар көшпенділер ойындары деп аты айтып тұрғандықтан мұндағы спорттың барлық түрі дерліктей түркі жұртының ортақ тарихы мен мәдениетін біріктіретін ұлттық ойындарға негізделген, – дейді Жарыстарды ұйымдастыру, нысандарды дайындау және басқару бөлімінің басшысы Айбек Сапарқұл.

Аталған ойындардың басты рәмізі ретінде күнбасты салт атты бейне таңдалып алынған. Бұл белгі Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізуші елдердің барлығында қолданылып келеді. Қою қызыл түспен боялған логотиптің пішін сұлбасы көшпенділер қолдан жасаған тұрмыстық бұйымның сәндік элементтеріне ұқсайды. Белгінің күнбасты салт атты болуының өзінен-ақ спорттық ойындардың басым бөлігі ат үстінде болатынын аңғару қиын емес. Ал со-



ның ішіндегі ең қызғындысы көкпар мен бәйге болмақ. Өйткені аламанға ат қосқан қазақтың, айды ұстағандай делебесі қозатыны анық. Оның үстіне қазақ бәйгеге қосатын атын арудан арман аялап, сәбиден жақсы мәпелеп қараған. Әрі екінің бірі, егіздің сыңарын жүйрік санатына жатқызбаған. Бәйгеге қосатын аттың өзінің тұр-тұлғасы мен бітім-болмысына баса назар аударған. Сонымен қатар қазақ даласында туған

жүйріктер жалғыз болмаған. Оның иесі, бапкері және сыншысы болған. Кешегі Толыбай мен Күреңбайлардың атының тарихта қалуы сондықтан. Ал бүгінгі ат бапкерлері жүйрік баптаудың оңай еместігін, оның да неше түрлі қыры мен сыры көп екендігін айтады.

– «Ат шаппайды, бап шабады» дегенде сол аттың бабының қиындығы туралы айтса керек. Жалпы жүйрікті жаз шыға бере шалғынға біраз күн қоя

беріп, етін көтеріп барып баптайды. Мұны «Көкке аунату» деп атайды. Ат бұл кезде қыстайғы жиған қазысын жазады. Міне, осы кезеңнен өткеннен кейін жүйрікті қайта қолға алып барып баптайды. Бұл кезде аз мінip бусандырып, кешке арқандап жайып, күн шықпай алып келіп, байлап, бір айдай жүреді. Кейін еті әбден қатқаннан кейін барып жайылу уақытын созып, мінуді де көбейтеді. Өте семіз болса, баста қолға ұстай салғанда екі күнде бір суғарып, кейін келе бір күнде екі рет суғарып отырады. Әрі ат су ішіп, басын бір көтергенде, суды сол бойынша ішкізбей тоқтатады. Бұл «атты көкқарыннан сақтау», – дейді ат бапкері Құнанбай Ораз.

Шынымен де ат баптау өнері – ең ежелгі дәстүріміздің алтын діңгегі. Жылқы психологиясын білу, жылқы тану, оны бағып-баптаудың өзі – дала мәдениетінің бір мәйегі. Ал, таңнан салса кешке озған, ылдидан салса төске озған, құмына аунаған құлыны құлагер боп шығатын қазақ даласында өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарындағы ұлы аламанға қазірге қанша ат қосылатыны белгісіз. Алайда бәйгеден бағын сынап келетін жүйріктерге арнайы алаң дайындалған. Онда дәстүрлі ұзақ бәйге және ұшқыр бәйге болады. Ұшқыр бәйгеге арналған алаанның бір айналымы 1600 метрді құрайды. Ұшқыр аттар үшін жарыс үш түрлі қашықтықта болады. Ал дәстүрлі бәйгенің ұзақтығы – 25 километрге дейін. Бұл бәйгеге келген аттар аламан бәйге, топ бәйге, жорға жарыс, құнан бәйге деген сияқты жарыс түрлеріне қатысатын болады.



ЕЛОРДАНЫҢ ЖЕТИ КЕРЕМЕТІ



# ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ҮЛКЕН МЕШІТ

Орталық Азиядағы ең үлкен мешіт 2022 жылы Астана қаласында ашылды. Жаңа мешіттің бас күмбезінің биіктігі 90 метрге жуық, ал мұнаралары – 130 метр. Құлшылық үйінде бір мезгілде 30 мың адамға дейін намаз оқи алады.

Жаңа мешіт – әлемдегі ең үлкен мешіттердің бір. Жалпы ауданы 68 062 шаршы метрге жетеді. Мешітте төрт мұнара бар. Мұнаралардың биіктігі – 130 метр. Сонымен қатар,

мешіттің жерасты қабатында 440 орынға арналған банкет залы, 405 орынға арналған жабық автотұрақ, вестибюль, дәретхана, техникалық және діни қызмет көрсететін

орын, құрбандық шалатын орын және басқа да үй-жайлар бар. Мешіттің жалпы сыйымдылығы 235 мың адамды құрайды, яғни осынша адам қатарға тұрып, бір уақытта

намаз оқи алады. Ғимараттың ашық алаңында шамамен 200 мың адам жайғасса, залдарда бір мезгілде 30 мың ер адам мен 5 мың әйелдің намаз оқуға мүмкіндігі бар.

Әділбек БЫРАЙЫМҰЛЫ, ақын, жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты:

## БАЙТАҚ АСТАНА, БАЯНДЫ МЕМЛЕКЕТ

– Біздің елордаға қоныс аударғанымызға биыл – 27 жыл. Қала Ақмола атанатын. 1997 жылдың желтоқсанында көшіп келгенде, ақ түтек бораннан басқа ештеңені аңдамадық. Жаңадан салынған Самал және әл-Фараби ықшам аудандары ғана. Орталық Республика көшесіндегі үйлер беткі қабырғалары жаңартылған еді. Мейрамхананың ең үлкені «Меруерт» болатын. 1998 жылы 6 мамырда елордаға Астана аты берілді. 2000 жылға дейін сол жағалау қол тимеген қалпы жатты. Содан кейін алып құрылыс басталды.

Орталықта тұрған биіктігі 97 метр алып «Бәйтерек» – ерекше нысанның бірі. 97 саны елорданың Алматыдан Астанаға көшкен жылдың білдіреді. Екінші, кәдімгі бәйтеректі көрмеген бала кемде-кем шығар, ал естімегені мүлде жоқ. Елге етене «Ертөстікте» бастап, балдырғандар ауыздарынан суы ағып отырып тыңдайтын халық ертегілерінің көбінде бәйтерек образы бар. Ол үнемі басты кейіпкерді зұлмынан құтқарушы, жақсылықтың жақтасы болып сомдалады.

Бәйтеректі мекен ететін Самұрық – азаттық пен қаһармандықтың бейнесі. Біздің мемлекеттік тудың алтын күннің астында қанатын кере қалықтаған қыран үнемі осы самұрықты еске салады. Ақорданың төбесінде жер шары бейнеленген, планетаны айнала самұрық ұшып келеді. Оның қонақтайтын бәйтерегі – осы, ұясы ұшар биігінде.

Міне, алдағы уақытта да Астана қаласын осындай қазақ рәміздік құпиямен салған жөн деп ойлаймын. Саулет өнерінің астарлы мазмұнына қаты көңіл аудару керек сияқты.

Қазір Астанада қыс жылы, боран бұрынғыдай емес. Жаздың да мерзімі ұзарып бара жатқандай. Қадірлі қазақ елі, баршаңызды азаттығымыздың айбыны болған Астана күнімен құттықтаймын. Байтақ Астана, баянды мемлекет құра берейік.



Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Домбыра – әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз. Қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында 2018 жылдан бері шілденің алғашқы жексенбісі Ұлттық домбыра күні ретінде атап өтіліп келеді.

# Домбыра күні – ұлт мерекесі



Райхан РАХМЕТОВА

деген еді Мемлекет басшысы.

Домбыра десе, өткен тарихтан ең алдымен Құрманғазы мен Дина күйшілер еске түссе, қазіргі дәуірде солардың ізін жалғап, қазақты домбыраның ғажап үнімен, күмбірлі күйімен әлемге танытқан күйші-домбырашы Айгүл Үлкенбаева секілді талантты өнер иелері де бірден ойға оралады. Күй өнерінің биік шыңына жеткен, қасиетті домбыраның құдіретін жете түсініп қоймай, соны бойға біткен дарыны және табанды еңбегі арқылы өзгелердің санасына сіңіріп, ұлттық өнерді ұлықтап жүрген күйші аталған мерекенің мән-маңызын жоғары бағалайды.

– Елімізде алты жылдан бері аталып келе жатқан Ұлттық домбыра күні бірден халықтың жүрегінен ерекше орын алды. Жылда ол жоғары деңгейде атап өтіледі. Ал биыл су тасқынына байланысты көп қаржы бөлінбей қалды, дегенмен облыс орталықтарында өз деңгейінде өткізу жоспарлануда. Кейінгі буын домбырадан қол үзбесін деп мектептерге домбыраны пән ретінде енгізу қолға алына бастады. Ең бастысы – ата-бабаларымыздан мұра боп келе жатқан өнерді жас ұрпақтың санасына бала кезден сіңіру керек. Себебі домбыра деген – ұлтымыздың рухы. Осы рух бойында бар жастары-

мыздың қасиетті аспабымыз арқылы тез танылуына мүмкіндік зор. Жақын шетелді айтпағанда, олар тіпті Америкаға дейін екі шекті домбыраның құдіретімен танымал болуда. Осы тұрғыда қазіргі жастардың ұлт өнерін меңгеріп, оны дәріптеп жүрген қадамы маған өте ұнайды, – дейді Қазақстанның Халық әртісі Айгүл Үлкенбаева.

Әлемде кеңінен тараған шертпелі аспаптардың қатарына кіретін қазақтың ұлттық көне аспабын өнертанушылар мен ғалымдар Х ғасырдан бастап белгілі деп тұжырымдайды. Бүгінде ол ұлтымыздың рухын асқақтатып, шетелдіктерді ерекше үнімен тамсандыруда және мәдениетіміз бен өнеріміздің ең маңызды ажырамас бөлігіне айналды. Қазақстан Президенті домбыра бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін теңдесі жоқ мәдени мұра саналатынын және рухани жаңғыру жолының негізгі арқауы екенін атап өтті. Сондықтан, бұл ұлттық өнерді кеңірек насихаттауға шақырды. Осы ретте Ұлттық домбыра мерекесі жас ұрпақтың дәстүрлі өнерге деген құрметін арттыратынына сенім білдірді.

– Домбыраның пернесінен шыққан күйде халқымыздың терең тарихы бар. Біз атадан балаға аманат болған асыл мұрамызды сақтап, қадір тұтуымыз қажет. «Өнер – ұлт келбеті» дейді дана халқымыз. Баршамызға ортақ құндылық – домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Сондықтан, мектепте домбыра үйрену сабақтарын енгізу – қажетті әрі дұрыс бастама. Себебі, қазіргі жаппай жаһандану уақытында халқымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғырта беруіміз қажет, –





## ЕЛОРДАНЫҢ ЖЕТИ КЕРЕМЕТІ

«Хан Шатыр» – алып мөлдір шыныдан жасалған әлемдегі ең ірі шатыр. Елордада бой көтерген ғимарат қала күніне орай 2010 жылы 6 шілдеде ашылған. Жобаны жүзеге асыру әйгілі британдық сәулетші Лорд Норман Фостерге тапсырылды. Британиялық Foster&Partners фирмасы жобалаған нысанның металл қаңқасы – 2300 тонна, биіктігі 150 метрді құрайды. Ал жалпы ауданы – 127 мың шаршы метр. Бас мердігер –Түркияның Sembol Construction құрылыс серіктестігі.

Норман Фостердің қиялынан шыққан сәулет туындысы – бір шатырдың астында әлем деңгейіндегі сауда-ойын-сауықты біріктірген елордадағы алғашқы орталық. Нысан күн сәулесін өткізетін мөлдір шыныдан және полимерлі жабынмен бекітілген болат темір арқаннан құрастырылған. Арнайы химиялық құрам шатырдың кеңістігін температураның ауытқуынан қорғап, нысан ішіндегі микроклиматты сақтап тұрады. Осы және өзге де технологиялардың арқасында «Хан Шатыр» әлемдегі он эко-ғимараттың қатарына енді. Бұл туралы Forbes Style журналы жазды.

«Хан Шатыр» ойын-сауық орталығы астаналықтар мен қала қонақтарына әмбебап дүкен, отбасы саябағы, мейрамханалар, кинотеатр, спорт залдар, жасанды жағажай мен бассейні бар аквапарк, қызмет және кеңсе орындар, 700 орынға арналған паркинг қызметін ұсынады.

Бірегей орталық күмбесінің астында Мальдив аралдарынан арнайы әкелінген жұмсақ құм төселген, тропикалық өсімдіктері бар жабық жағажай бар. Хауыздардың бірінде орналасқан жасанды толқын нағыз теңіз жағалауында демалып жатқандай сезімге бөлейді. Бұл жерде жылдың кез келген мезгілінде елордалықтар мен қала қонақтары демалады. Әкімшіліктің мәліметіне сәйкес, демалыс күндері

# Хан Шатыр

Еліміздегі ерекше пішіндегі «Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығы елорданың ғажайып ғимараттарының тізіміне еніп, Астана символдарының біріне айналды.



## ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК:

**«ХАН ШАТЫР» САУДА ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БИІК ШАТЫРЛЫ ҒИМАРАТ РЕТІНДЕ ГИННЕСС РЕКОРДТАР КІТАБЫНА КІРГЕН. ОНЫҢ БИІКТІГІ – 150 МЕТР.**

«Хан Шатырға» шамамен 30 мың адам бас сұғады.

Шатыр құрылысы 2006 жылы басталып, 4 жылға созылды. Ғимараттың бас директоры Энгин

Асраланның айтуынша, әуелден құрылыс 2 жылға жоспарланған еді. Алайда күн райының қолайсыздығы мен күтпеген қиындықтар құрылыс мерзімін ұзартты.

## ХАНДЫҚ ТҰРҒАН ҚАЛАЛАР

### Шапағат ӘБДІР

Тарихшылар жалпы біздің ата-бабамыз қоныстанған қалалардың салынуын Түрік дәуіріне дейінгі қалалар, Түрік дәуіріндегі ортағасырлық қалалар, IX-XIII ғасырдың басындағы қалалар, XIII ғасырдың екінші жартысы мен Қазақ хандығы дәуіріндегі қалалар деген сияқты бірнеше кезеңге бөліп қарастырады. Бұдан біз ұлттымыздың қала мәдениетін қалыптастыруға бүгін ғана емес, ежелден-аса назар аударғанын аңғарамыз. Өйткені Суяб, Тарбанд, Отырар деген сияқты ежелгі қалалар біздің бабаларымызға пана болды. Әрі бұл қалалар біздің ұлтымыздың тікелей тағдырына әсер етіп, әр кезеңдегі астаналарымыз болғаны анық. Ал енді Алтын Орда дәуіріне келгенде Сарай Бату, Сарай Берке деген қалалардың гүлденіп, көркеюі біздің атымызды одан арман асқақтатқаны да шындық. Осы қалалардың ішіндегі тарихи маңызы зор, біздің ортағасырлық тарихымыздағы мәдениетіміздің қалыптасуына ерекше әсер еткен қалалардың бірі ретінде Сарайшық қаласын атап өтуіміз керек. Онда біздің Тоқты хан мен Жәнібек хандарымыздың сүйегі жатыр. Тіпті Жәнібектің таққа отырып, билік жүргізген кезеңі де Сарайшық қаласымен тікелей байланысты. Өйткені Сарайшық сол кезеңде Алтын Орданың ғана емес, сол тұстағы бүкіл мұсылман дүниесінің ең ірі мәдени, ғылыми, діни орталығына айналған қала болды.

Астана – қашанда тәуелсіз елдің айбары мен айбынын көрсететін бірден-бір символ. Біздің ойымызға Астана десе, бірден бабаларымыз іргесін қалап, бүгінде орны ғана қалған Сауран, Сарайшық, Сығанақ, Отырар елестейтіні анық. Ай астындағы ақордамыз да, күн астындағы көк ордамыз да жердің жәннатын, шөптің шүйгінін, судың тұнығын бойлап жайлаған елміз.



Қаланың негізін Бату қаласа, кейін кеңейтіп салған Жошы ұлысы, ал көркейткен Жәнібек хан болды. Сарайшықтан кейін дүниеге Қазақ мемлекетінің келуімен қатар, Сауран мен Сығанақ қалалары бой көтерді. Әрине, бұл қалалардың іргетасының қалануы да сонау X-XI ғасырларда жатқаны ақиқат. Алайда Сауран да, Сығанақ та сол дәуірде Сыр бойындағы экономикалық маңызы бар қалалардың қатарына еді. Сауран XIV ғасырдың бірінші жартысында Ақ Орданың астанасы болса, Сығанақ ең алғаш Қыпшақ хандығының, одан кейін Әбілқайыр хандығының астанасы болды. Осы кезде қала әкімшілік, саяси, сауда және мәдени орталыққа

айналып, кемеліне жетті. Алайда дәуірлердің алмасып, жаңа қағанаттардың құрылып, саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты бұл қалалардың да орнын басқа қалалар алмастырып отырды. Атап айтар болсақ, қазақ халқының астанасы XVI ғасырдың аяғынан бастап, Түркістан қаласына ауысып, Сауран мен Сығанақ қалалары өзінің ролі мен маңызын жоя бастады. Тиісінше Түркістан ірі саяси, экономикалық әрі мәдени орталыққа айналды. Бұл қала бүгінгі күнге дейін өзінің мән-маңызын жойған жоқ.

Әрі бұл қалалар біздің тарихи мәдениетіміз бен сан ғасырлар бойы қалыптастырған өркениетіміздің айғағы екені ақиқат.

Өйткені қала болған жерде оның су құбырларымен қатар қалаға тән инфрақұрылымдары болуы керек. Ал тарихи деректерге, қазба жұмыстарының нәтижесіне сәйкес біздің ата-бабаларымыз тұрған қалалардың бәрінде керекті жағдай толық қамтамасыз етілген. Мысалы, ашық тарихи деректер көзінде X-XIII ғасырларда қалалар санының өсіп, олардың құрылысының, аумағының ұлғайғаны айтылады. Міне осы уақытта үлкен қалалардың маңайында жаңа аудандар қалыптасқан. Археологтар бұл кездегі қала орындарын көлеміне қарай үш топқа бөліп қарастырады. Бірінші топқа көлемі 30 гектардан асатын қала орындары

жатады. Олардың қатарында Сайрам, Отырартөбе, Шортөбе, Құйрықтөбе, Сауран, Жанкент, Құмкент және тағы басқалар бар. Екінші топқа көлемі 10 гектардан 30 гектарға, ал үшінші топқа 10 гектарға дейінгі қала орындары жататынын айтады. Ал енді осы тарихқа қарап отырып, біздің ата-бабаларымыз тек қана көшіп-қонып жүрген деп қалай айта аламыз?

Бұл қалалардың қазіргі таңда орындары бар. Онда көмілген бабаларымыздың қорымдары бар. Сондықтан да біздің көшпелі мәдениетіміз бен қалалық өркениетіміздің қалыптасу кезеңінің тым арда екенін әлі де зерттеп, зерделейтін уақыт алда. Ал енді біздің кеңестік кезеңдегі астаналарымыздың орны ол өзінше бір тарих. Атап айтар болсақ, 1920 жылы біз Орынборды, одан кейін 1925 жылы Ақмешітті Астана етіп, атын «Қызылорда» деп атадық. Небәрі екі жылдан кейін қайтадан астанамызды Қызылордадан, Алатаудың етегіндегі Алматыға ауыстырдық. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін жаңадан бой көтерген орталық қала – қазіргі Астана. «Елу жылда – ел жаңа» дегендей, біз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы астанамыз бәрімізге де ыстық. Астана – қазақ даласының жүрегі. Бұл тарихи шешім Тұңғыш Президенттің бастамасымен, Қазақстанның Жоғарғы кеңесінің қолдауымен 1994 жылы 6 шілде күні қабылданған болатын. Сөйтіп, Алматыдан Арқаға көшкен жұртымыздың Астанасы өзінің ресми статусына 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап ие болды. Содан бері Астанамыз алты Алаштың атын әлемге танытып, біздің ұлттық болмысымыздың

қорғанына айналып келеді.

Ал енді осынау сайын сахарамыздың төсінде алтын жүзіктей жарқыраған Астанамыз 1456 жылдан бері қарай есептесек, Ордабазар, Тараз, Арқұқ, Барысқан, Сығанақ, Ақсұмбе, Хандақор, Тарса, Түркістан, Орынбор, Қызылорда, Алматыдан кейінгі он үшінші елордамыз екен.

Әрине, бабаларымыз атына жайдақ мініп, күртешесін байрақ қылып жүріп жеткен бұл азаттығымыздың айғағы болған қазіргі астанамыз ұшы-қиыры жоқ далада өзіңінен тұра қалған жоқ. Бас қаланың тарихының да бірнеше даму кезеңі болды. Оның бірінші кезеңі – ортағасырлық Бозоқ қаласының тарихымен байланысты. Екінші кезең – 1830 жылы Ақмола бекінісі іргетасының қалануы. Үшінші кезең – Кеңес дәуірі. Соғыстан кейінгі тың игеру жылдарында қала Целиноград атауымен белгілі болды, тың өлкесінің орталығына айналды. Төртінші кезең – тәуелсіздік кезеңі. Қазақстан Республикасының жаңа астанасының құрылуы. Дәл осы жылдары еліміз егемендігін алумен қатар, астанамыз Алматыдан Ақмолаға ауысты. Бұл бүгінгі Қазақстанның дамуына орасан зор ықпалын тигізді. 1997 жылы желтоқсанның 10-ы күні Ақмолаға көшкен Астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылы 10 маусымда өтті. Сондықтан бірнеше жыл қатарынан 10 маусым Астана күні ретінде тойланып келді. Ал 2008 жылдан бері бұл мереке 6 шілдеге ауыстырылды. Бір сөзбен айтқанда, Астана – қазақ халқының береке-бірлігінің ұйысқан ортасы. Біздің ұлттық идеологиямыздың ошағы. Өз Отанының ордасы қонған осындай қаланың болғаны қазақтың мерейін күннен-күнге аспандатпаса, аласартпайтыны анық.



## ЕЛОРДАНЫҢ ЖЕТИ КЕРЕМЕТИ

Астанада жұртшылықтың ат басын тіреп, арнайы келетін орындарының бірі – «Ailand» ойын-сауық орталығы. Бұл бірегей ғимарат Тұңғыш Президент бастамасымен 2003 жылы ашылды. Кейін, дәлірек айтсақ, 2017 жылдың қаңтар айында ойын-сауық орталығына аздаған жаңалау жұмыстары жүргізіліп, атауы «Ailand» деп өзгертілді.

Қазір мұнда астаналықтар мен қала қонақтарының көңіл көтеріп, жайлы демалуына барлық жағдайлар жасалған. Мәселен, 5D-кинотеатры, балаларға арналған ойын алаңдары мен түрлі аттракциондар, экзотариум-хайуанаттар паркі – көпшіліктің жиі бас сұғатын айтуды орындары.



**ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК:**  
«Мұхитарал» – Гиннесстер кітабына енгізілген әлемдегі жалғыз су бассейні. Оны әзірлеу үшін 120 тонна теңіз тұзы қажет болған. Мұнда 2000-нан аса теңіз жәндігі мен тек мұхитта кездесетін айрықша алып балықтар өмір сүреді. Сондай-ақ, теңіз түбінде өсетін 100-ден аса өсімдік пен мысық тұқымдас акулаларды, ғажайып теңіз жұлдыздарын көруге болады.

## САЙЫН ДАЛАДАҒЫ Мұхитарал

«Ailand-тың» басты кереметі – мұхитарал. Кезінде оны Тұңғыш Президенттің өзі «ТМД аумағында баламасы жоқ. Біздің аймаққа тән ұзақ суық қыстың өзінде кез келген отбасы осында келіп, демалып, басқа бір әлемге сапар шеге алады. Бұл менің көптен бергі арманым еді және оны жүзеге асырдым» деп бағалаған еді.

Міне, сол Қазақстандағы тұңғыш, әлемдегі бірегей мұхиттан 3000 мың шақырымнан аса қашықтықта орналасқан дала төсіндегі мұхит тамшысы, тек қазақстандықтардың ғана емес, алыс-жақын шетелдіктердің де көзайымына айналуда.

### ДЖУНГЛИ

Бұл да Қазақстандағы ауқымды жобалардың бірі. Джунглидің жұмбақ әлемімен таныстырады. Бір қарағанда, Голливуд фантастарының жоғалған әлемдер туралы қиялы «Ailand» COO ғимаратына

көшіріліп қойылғандай әсер береді.

Динозаврлар, трицератпторлар, тираннозаврлар, ежелгі тайпалар – бұл орта ішкі толқын пен шығырманға толы. Осы ортаға енген соң күнделікті өмірді ұмытасыз және айналаңыздағы көргеніңіз шындық па деп ойлайсыз. Аниматорникстер театры балаларды ғана емес, ересектерді де таңғалдырады. Кейін осы қызықты саяхатты тағы да қайталағыңыз келеді.

«Ailand» қызметкерлерінің айтұынша, барлық аниматорникстер Қазақстанда жасалған көрінеді.

### АКВАПАРК


Астана қаласындағы бірегей жабық аквапарк жоғары сапа стандарттарына сәйкес жасалған. Бұл – отбасына арналған тамаша демалыс орны.

Жабық аквапарк 1500 адамға арналған, ауданы – 8500 шаршы метр. Оның ау-

мағы екі қабатты алып жатыр. Жоғары сапа стандарттарына сәйкес жасақталған ғимарат отбасымен демалуға жайлы. Сондай-ақ, ыңғайлы жедел сағылар, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған пандустар да бар. Аквапаркте «Жылы едендер» және климат бақылау жүйелері орнатылған. Бассейндегі су температурасы – 30-32 градус шамасында.

Екі қабатта да ерлер және әйелдердің киім ілетін бөлмелері, орыс моншасы бар, ал екінші қабаттағы түрік хамамы, фин саунасы мен инфракызыл сауна, массаж кабинеті және дымқыл фуд-корт жаныңызды жадыратары сөзсіз.

Бірінші қабатта аквапарктың ұзындығы бойымен баяу өзен ағып жатыр, суда жүзгенде, жаныңыз тыныштық пен жайлылыққа бөленеді. Екі бассейні бар, оның бірі – толқынды бассейні балаларға ғана емес, ересектерге де көңіл көтеруге мүмкіндік береді.



Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Жастар» сарайында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық турының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

## Мерейлі отбасылар марапатталды



басы» номинациясына ие болды. Ал жеңімпазы – Свановтар отбасы. Сондай-ақ, Сарыарқа ауданы бойынша «Ең патриот отбасы» – Дауыловтар, «Ең пара-

сатты отбасы» – Нұрбалиндер жанұясы, жеңімпазы Сембаевтар әулеті болды. Нұра ауданы бойынша арнайы аталымға ие болған Бибосыновтар отбасы

болса, аталған ауданның «Ең дарынды отбасы» номинациясы Ермағанбет жанұясына берілді. Ал жеңімпаздық Қонақбаевтар отбасына бұйырды.

Сөйтіп, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік шыққан Әділбаевтар отбасы Астана қаласы бойынша жеңімпаз деп танылып, «Мерейлі отбасы-2024» ұлттық байқауының республикалық сайысына жолдама алды. Жеңімпаз отбасына 1 миллион теңге қаржылай сыйлық берілді.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – адамгершілік қасиеттерді жандандыруға, отбасы мәртебесі мен құндылықтарын арттыруға бағытталғанын айтқан Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Сәркенова конкурстың маңызы мен мақсатына тоқталып, барлық қатысушылар мен жеңімпаздарға ризашылығын жеткізді.

Жалпы бұл ұлттық байқау Қазақстанда 2013 жылдан бастап жыл сайын өткізіліп келеді. Байқаудың республикалық деңгейдегі қорытындысы жыл сайын қыркүйек айында «Отбасы күні» қарсаңында өтеді. Ол кезде еліміздің барлық өңірінен үздік деп танылған 20 отбасыға «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының лауреаты атағы берілмек.

Кристина  
ДЕГТЯРЕВА,  
полиция майоры:

## КӘСІБІМДІ ҰШТАҒАН ҚАЛА

– Ел жүрегі Астанада білікті мамандардың алар асуы биік. Менің өмірім – соның дәлелі. Кәсіби, спорттық жетістіктерімді, қоғамға қызметім мен отбасылық өмірімді теңестіре отырып, өзімді көрсете білдім, жан-жақты қолдауды сезіндім.

Мен мектепті бітіргеннен кейін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне оқуға түсіп, «Құқықтану» мамандығын таңдадым. Оқу оңай болды, бірақ мұнымен тоқтап қалмадым, білімім мен практикалық дағдыларымды тереңдетуге ұмтылдым. Оқу барысында студенттердің ғылыми конференциялары мен тағылымдамаларына белсенді қатысып, болашақ әріптестеріммен кездестім. Заң факультетінің үздік бітірген соң, Көкшетау қаласындағы А.Мырзахметов атындағы университетке оқуға түсіп, криминалистика магистрі дәрежесін алдым. Оқумен қатар полиция жұмысына кірістім. Бұл алған білімімді іс жүзінде қолдануға, тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік берді.

Қызметімнің алғашқы кезеңдерінде өзімді сауатты және жауапты қызметкер ретінде көрсеттім, бұл басылымның назарынан тыс қалмады. Екінші жоғары білім жаңа көзжиектер ашып, мансап сатысымен жоғары көтерілуге көмектесті. Құқық қорғау органдарындағы 10 жыл қызметімде мен көп нәрсені көрдім, көп нәрсені үйрендім. Мен жұмысымды ауыстырғым келмейді және басқа қызметке ауысқым келмейді! Маған криминалистің жұмысы қатты ұнайды. Көптеген адамдар криминалистің жұмысының мәнін түсінбейді, бірақ бұл ерекше мұқияттылық пен білімді қажет ететін өте қиын қызмет деп айта аламын. Әрине, криминалистің жұмысы, әсіресе әйел адам үшін оңай жұмыс емес. Бірақ әлем қатыгездік пен әділетсіздікке толы екенін түсіне отырып, өз жұмысыма көбірек ден қоямын, бар күшімді саламын. Өйткені біздің көмегімізбен ұсталған әрбір қылмыскердің ісінен соң, терең қанағат сезімін сезінемін және барлық із-деніс, жұмыс барысындағы төккен тер бекер емес екенін түсінемін.

Мен криминалисті қана емес, сонымен қатар белсенді спортшымын. Спорт физикалық және ақыл-ойдың сау болуына көмектеседі. Салауатты өмір салтын насихаттай отырып, полиция қызметкерлеріне арналған спорттық іс-шараларға да белсене қатысамын.





## ЕЛОРДАНЫҢ ЖЕТИ КЕРЕМЕТИ



**ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК:**  
Шолу алаңында ең жоғарыға көтеріліп, төрт қапталға қойылған дүрбілерден Астананы құс ұшар биіктен тамашалауға болады.

## «Мәңгілік ел» САЛТАНАТ ҚАҚПАСЫ

Жобаны жүзеге асырған сол кездегі Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов, сәулетшілер Сағындық Жанболатов, Мұрат Мансұров, Нұрлан Далбай Мемлекеттік сыйлық иегері атанды. Салтанат қақпасына классикалық үлгіні таңдап алды.

Салтанат қақпасының қасбеті гранит пен ашық түсті мәрмәрдан құйылған. Ал оны айнала қоршап салынған, биіктігі 4,4 метр болатын әр мүсінде терең мағына жатыр. Мәселен, «Ақсақал» мүсіні – халықтың абыз ойы мен рухани өлшеміннің көрінісі, даналықтың символы. «Әйел Анаһын» рельефті мүсіні қазақ ұлты үшін «Отан Ана», «Жер Ана», «Ана тілі» сынды киелі ұлттық ұғымдарға ұласады.

Көшпенді сарбаздың және қазіргі Қазақстан жауынгерінің мүсіндері ұрпақтар сабақтастығынан хабар береді. Әр мүсіннің жоғарғы жағында елтаңба орналасқан. Одан жоғарырақ жазылған пәлсапалық тамыры терең «Мәңгілік

Астанадағы «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай бой көтерді. 2011 жылдың 16 желтоқсанында Тұңғыш Президенттің қатысуымен салтанатты жағдайда ашылған қақпаның биіктігі – 20 метр, ені – 13 метр. Салтанат қақпасы ел еңбегі мен табысының, болашаққа нық қадам басқан мемлекеттің белгісі ретінде тұрғызылғанын көрсетеді.

ел» тіркесі еліміздің ертеніне жетелейді. Композициядағы күрделі ою-өрнектер шоғыры мемлекетіміздің көк байрағында да көрініс тапқан. Жалпы, Мемлекеттік туға тән күн мен қалықтаған қыран бейнесіндегі символика бүкіл композицияның өзегіне айналған. Нысанның қос бүйіріндегі «Тайқазан» тыныштық пен тоқшылықтың, бірегей көңіл мен қонақжай пейілдің терең

ұғымын білдіреді. Олардан жоғарырақ «Елім менің аңсаған, баба үмітін ақтаған» және «Бірлік, ынтымақ – баиянды болашақ» жазулары орналастырылды. Сағындық Жанболатовтың сөзінше, бұл мүсіндер көлемі Түркістандағы тайқазанға шақ.

Қазақ жауынгерінің бес қаруының бірі – «Қалқан» қауіп-қатерден қорған, сенімділік, тұрақтылық,

жеңістің белгісі. Қақпаның ішкі жағы 7x3,5 метр болатын бедерлі суреттермен әшекейленген. Олардың бірінде «Сақтар» – «Түркілер» – «Қыпшақтар» – «Қазақтар» тізбесіндегі қазақтың шығу тарихының кезеңі көрсетілген.

Салтанат қақпасында ең қастерлі ұлттық құндылық – қазіргі тәуелсіз Қазақстан да көрініс тапты. Өрнекті қабырға бүгінгі тәуелсіздіктің

мазмұнын ашып, мағынасын тарқататын «Ақорда», «Бәйтерек» және басқа да нысандардың суреттерімен бедерленген. Мұнда Қазақстанның тәуелсіздігін жария еткен алғашқы ресми құжат – Егемендік туралы декларация көрсетілді.

«Мәңгілік ел» салтанат қақпасының ішінен көрме галереясы мен нысанның ұшар басынан шолу алаңы ашылды. Жоғары жаққа лифтпен де, сатымен де көтерілуге болады. Сатымен көтерілгенде қабырғалардағы картиналар Астананың өткені мен бүгінгіні, жалпы қала құрылысынан сыр шертеді. Жетінші қабатқа жеткенде алдындадан алдымен Қазақстанның рәміздері шығады. Бұдан соң көрме галереясын тамашалай аласыз.

Салтанат қақпасы Орынбор даңғылы мен №25 көшенің қиылысынан бой көтерсе, бүгіндері бұл көше Мәңгілік ел даңғылы болып аталады.

Асқар ЕРКЕБАЕВ,  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген жаттықтырушысы:

### СПОРТШЫЛАР ЕЛДІКТІ ӘЙГІЛЕЙДІ

– Астана Қазақстанды бірлік пен берекенің орталығы ретінде танытса, елордалық спортшылар елдігімізді әйгілеп жүр. Өйткені Астана қаласында әлем көшбасшыларының кездесулері ғана емес, спорт түрлерінен байрақты бәсекелер тұрақты өткізіліп келеді.

Астана – ел мақтанышы. Мұнда қызмет ету де, білім алу да, спортпен шұғылдану да – бақыт. Қазір елордамыз экономикалық тұрғыда ілгерілеумен қатар, бұқаралық спортты қарқынды дамытып, заманауи спорттық нысандарымен мақтанатын орталыққа айналды.

Мұның айқын дәлелі, Париж Олимпиадасында 10 астаналық спортшы ел намысын қорғаса, оның екеуі – менің шәкірттерім Нұрбек және Айбек Оралбайлар.

Қазір шәкірттерімізбен бірге оқу-жаттығу жындарында дайындықты нысықтап, Олимпиадаға қатысатын әрбір қарсыласын зерттеп, бөлек-бөлек тактика қойып жатырмыз. Оралбайлардың бабы мен бағы қатар шапса, жүлде сыйлайтынғына сенемін. Жеңісті күндеріміз көп болсын! Астана күні құтты болсын!



## ЖАСАРҒАН, ЖАЙНАҒАН АСТАНА

Астана – тәуелсіз Қазақстанның жаңа келбеті. Астана – егемен елдің тәуелсіздік жолында атқарған ұлы істерінің мазмұнымен өрнектелген ерекше шаһар.

Үкімет қаулысымен көшіп келген мамандарды баспанаман қамтамасыз ету сол жылдары қиынның қияметіне айналды. Осындай жағдайды сол жылдары қала әкімінің бірінші орынбасары болған бүгінде Астана қалалық ардагерлер Кеңесінің төрағасы қызметін атқарып жүрген Сансызбай Есілов былай деп есіне түсіреді:

«Осының алдында бірнеше министрліктердің мамандарын гуманитарлық колледждің жатаханаларына орналастырған едім. Оған қолұшын созған колледж директоры Отызбай Сүйіндіков ағай болатын. Енді тағы да көшіп келе жатқан Қаржы министрлігінің мамандарын шұғыл түрде орналас-тарын деген нұсқау келді. Қаладағы жатаханалардың бәрі лық толған. Баратын жер жоқтың қасы. Бар үмітім – тағы да Отызбай көкеме барып жалыну, жалбарыну. Көкем басқарған колледждің бірнеше жатаханалары бар болатын. Екінші жағынан онда оқитын студенттердің саны да өте көп еді».

Отызбай көкемнің кабинетіне кіріп, сәлем бердім. Сөйттім де шеттегі орындықтардың біріне отыра қалдым. Өзі телефонмен сөйлесіп, біреулерге тапсырма беріп отыр екен. Сөйлесіп болысымен маған назар аударды да:

– Осы сенің мына жүрісің емтихан тапсыра алмай жүрген студенттерге ұқсайды.



Көне, келген бұйымтайынды айт, тағы да жатақхана мәселесі ме? – деді.

Мен болсам, қуанғаннан «иә» деудің орнына басымды шұлғи беріппін. Сөйтіп, Отызбай көкемнің арқасында ұлы көшпен келіп жатқан мемлекет қызметкерлерін уақытша болса да жатақханамен қамтамасыз ете алдық. Реті келгенде айта кетейін, сол кездегі Ақмоланың ежелгі тұрғындары осындай

сын сағатта ұйымшылдық танытып, көшіп келіп жатқан біраз адамдардың баспана мәселесін шешуге қолұшын бергендерін атап өткім келеді.

Қуанышым қойныма сыймай, киініп есікке беттей бергенімде, Отызбай ағам тоқта-тып:

– Сансызбай, сен билікте жүрсің ғой, мына нәрсені білгенін жөн. Бұл көш қазақтың үйреншікті көші емес. Оның

мәні де, маңызы да ерекше. Бұл көш – халқымыздың тәуелсіздікке бет алған ұлы көші. Екіншіден, мемлекетіміздің астанасы етіп, біздің Ақмоланы таңдауы тегін емес. Кезінде Сәкен Сейфуллин Қызылордада автономия республикасын басқарып, мәжіліс өткізіп отырғанда бірнеше күн бойы ұдайы құм аралас дауылдан мезі болғандықтан болар:

– Келесі астананы таңдасақ, Ақмолаға тоқтағанымыз жөн болар. Біріншіден, ол Қазақстанның қақ ортасында. Географиялық жағынан тиімді, жері құнарлы. Төрт түлік малды көбейтіп, өнеркәсіпті қарқынмен дамытуға жағдай толық бар, – деп, осылайша жиында отырғандарға ой тастады.

Ал болашақ астана болатын Ақмоланы терең зерттеп, артында өшпес мұра қалдырған тұңғыш академик Қаныш Сәтбаев, бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан қарап, оған саяси және ғылыми сараптама қасады. Республика басшылығы астананы Ақмолаға көшірерде негізінен Сәтбаевтың сол еңбегін басшылыққа алған болар. Осыны білгенін жөн Сансызбай деп, Отызбай ағам маған ақ жол тілеп шығарып салды.

Ал Отызбай Сүйіндіков ағамызға келетін болсақ, оның ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі ескеріліп, Үкіметтің орден және медальдарымен марапатталып, Астананың Құрметті азаматы атанды.

Ұлтымыздың төл тарихына үңілетін болсақ, қазіргі елорда – мемлекетіміздің төртінші астанасы. Бұдан бұрынғы Орынбор, Қызылорда және Алматы қалалары КСРО құрамындағы Қа-

зақ республикасының тәуелді астанасы болып саналса, 1998 жылы Ақмола тәуелсіз мемлекеттің астанасы деп жарияланды.

Ақмоланың өткен кеткен тарихына байланысты біраз маңызды оқиғаларды газет оқырмандары білгендері жөн. Өйткені есте қалатын оқиғалардың бәрі Ақмолада кейіннен қала аты өзгерген Целиноградта өтті.

1960 жылы Никита Хрущевтің бастамасымен Тың өлкесі құрылды. Оның құрамына Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары енді. Бір жылдан соң Қазақ республикасының басшылығымен келіспей Н.Хрущев Ақмола атауын Целиноград деп өзгертті. Тың өлкесіндегі облыстардың басшылығын тек Мәскеу ғана тағайындады. Жаңа өлкені құру арқылы Қазақстанның астықты әрі шұрайлы өңірді Мәскеуге тікелей бағынатын аймақ ретінде Ресейге қосу астарлы жымсық саясатын іске асыру көзделді. Орталықтың тың өлке облыстарын бірте-бірте Ресейге қосып алу жымсық әрекеті айқындала бастады.

Еліміздің бақытына қарай сол бір қиын-қыстау жылдары билік басында ұлттық намысы бар өжет қайраткер, Ақмола облысының тумасы Жұмабек Тәшеневтің болғаны қандай ләзім. Хрущевпен болған теке-тіресте ол Кеңес Одағы басшысын тұқыртып қана қоймай, 565,4 мың шаршы километр немесе қазіргі Қазақстан Республикасы аумағының бестен бір бөлігін және төрт миллионға жуық адамды жат жерге кетірі-

мей, туған елінде сақтап қалды. Жұмабек Тәшеневтің қайталанбас бұл ерлігі болашақ тәуелсіз мемлекет Қазақстанның орталығы болатын бүгінгі қаланың астанаға айналуының алғышартын сол кезде жасап кетті деп кесіп айтуға негіз бар. Ж.Тәшеневтің қайталанбас бұл ерлігіне риза болған бүгінгі ұрпақ Астана төрінде ескерткіш орнатып, орталықтағы бір көшеге атын бергізді.

Бүгінгі Астана келбеті мен саяси бағыты әлем назарында екені белгілі. Соған орай елордамыз айтулы оқиғалардың ордасына айналуға. Халықаралық маңызы бар түрлі саммиттердің, Ислам ынтымақтастық ұйымы форумы, Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы ЮНЕСКО секілді халықаралық ұйымдардың сарапшылары мен ғалымдары қатысуымен қабылданған шешімдердің маңызы ерекше деп бағалануда.

Иә, Астана туралы айту парыз, әңгіме етуге, мақтаншыпен мәлімдеуге болатын жетістіктер аз емес. Қала сәулеті әлемдік өнер тарихына енетіні даусыз. Осы жерде ХХІ ғасыр сәулет өнерінің ең үздік жетістіктері сыннан өтті, тың идеялар дүниеге келді. Қазіргі заман сұңғылаларымен бірге қазақ сәулетшілері де уақыт биігінен табылатыны сөзсіз.

Қала салыну, даму үстінде. Жылжып өткен әр жыл жаңа табыстармен қуантуда. Ендеше елорда жайлы баянға сірә, нүкте қою әлі ерте.

Мейрам БАЙҒАЗИН,  
Қазақстанның құрметті журналисі, Астана қалалық ардагерлер Кеңесінің мүшесі



## ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ЖУРНАЛИСТЕР

«Астана» Халықаралық қаржы орталығында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған БАҚ өкілдері арасындағы байқаудың жеңімпаздары марапатталды. Жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, қала басшылығы, қалалық мәслихат депутаттары, қаламгерлер мен зиялы қауым өкілдері, медиасарапшылар қатысты.



**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

Астанада 640-тан астам БАҚ бар. Соның 30-дан астамы телеарна болса, 490-нан астамы – баспа басылымы, 137-сі – интернет ресурстар. Бұл астаналық журналистер арасында шығармашылық бәсеке бар екенін, жақсы орта қалыптасқанын көрсетеді. Мұны байқауға номинант ретінде шақырылған қатысушылардың көңіл-күйінен аңғаруға болады.

Салтанатты іс-шарада Президент кеңесшісі, Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли: – БАҚ саласына ұдайы көңіл бөлініп келеді. Былтыр Мемлекет басшысы «Дара» қоры

арқылы журналистерге 65 пәтер тарту еткен болатын. Биыл пәтер кілті 67-ге жетті. Бұл пәтерлерді мемлекеттік бағдарлама арқылы емес, Президенттің тікелей тартуы деп қабылдау керек. Бұған дейін журналистер арасында не мемлекеттік қызметкерлер санатына, не

бюджеттік қызметкерлер санатына іліге алмайтыны және мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көре алмайтыны жиі айтылатын. Енді журналистерге пәтер кілтін табыстау дәстүрге айналып жатыр. Бұдан бөлек, байқаулар арқылы үздік журналистерді анықтап, шығармашылығын шыңдау жақсы жолға қойылды. Бұл журналистерді материалдық тұрғыда ғана емес, рухани қолдаудың жақсы дәстүрі, – деді.

Журналистер «Тұмар» байқауын жоғары бағалайды. Астана күніне арналған БАҚ өкілдері арасындағы республикалық байқаудың да танымалдылығы артып, қатысушылар қатары артып келеді. Биыл 8 номинация бойынша 80-ге жуық жұмыс түсті.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығы аясында өнімді мақала жазған журналистерге ризашылығын жеткізді.

– Журналистика әр заманға байланысты өсіп-өркендеп, насихаттық қызметпен бірге ағар-

тушылық қызметті атқарады. Әсіресе кешегінің тағылымын таразылап, бүгінгі күннің міндеттерін айқындауда журналистердің еңбегі зор. Биыл Қазақстан мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл болса, осы кезеңдері өкілді органның атқарған еңбегі туралы саралаған журналистерге алғыс білдіремін, – деді мәслихат төрағасы.

Топ жарған журналистердің арасында «Elorda Aqparat» ЖШС-іне қарасты «Вечерняя Астана» газетінің және «Elorda.info» сайтының қызметкерлері болды.

Атап айтқанда, «Вечерняя Астана» газетінің шеф-редакторы Айгүл Алжаксина «Астана қаласы мәслихаты жайлы үздік материал» номинациясын жеңіп алды, ал «Elorda.info» сайтының журналисі Зарина Кеңесова Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы интернет-басылымдардағы материалдар бойынша «Үздік шолушы» номинациясы бойынша жүлдегерлердің бірі атанды.

Одан бөлек «Үздік журналист-сарапшы», «Үздік шолушы», «Үздік телесюжет», «Үздік радиорепортаж», «Үздік мобилограф», «Үздік фоторепортаж» номинациясы бойынша үздіктер марапатталды.



## АСТАНА МЕН ҰЛЫҚ ҰЛЫСТЫ ЖЫРЛАДЫ

Кеше «Жастар» театрында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағының Астана өкілдігі өткізген «Байрағы биік байтағым» атты республикалық мүшәйраның жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті. Биылғы ақындар додасы Астана күнімен қатар Жошы ұлысының 800 жылдығына арналды. Поэзия салтанатына Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов, қаламгерлер қауымы және өлеңсүйер қауым қатысты.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

– Жылдағы дәстүр бойынша осындай аламан сөз бәйгесінде қауышып отырғанымызға қуаныштымыз. 12 жыл қатарынан дәстүрлі түрде жыл сайын елорда күнін тойлау аясында осы іс-шараны ақиық ақынымыз, аудармашы, журналист Несіпбек Айтұлы ағамыз өткізіп келген болатын. Игі дәстүрді биыл Осы орайда жауапкершілігі мол істі халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Дәулеткерей Көпұлы жалғастыруда. Бүгін рухани кештің куәсі болып отырмыз. Қаламдарыңыз ұштала берсін. Елорда күні құтты болсын, – деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов өз тарапынан жиналғандарды Астана күнімен құттықтай келе, мүшәйраның маңызына тоқталды.

– Қазақтың жыр жарысы – ұлттық салт-дәстүрімізді танытатын өнердің ерекше қайталанбас бөлігі. Қазақ халқының табиғи болмысында, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде ежелден бар, қанымызға сіңген дүние. Сондықтан бұл – жүрек қалауы. Ол біздің халықпен бірге өмір сүріп келеді. Өнер – ұлттың жаны. Сондықтан жанның рахатын іздеген өнерсүйер қауымның қатары жылдан-жылға арта берсін. Өнер саласында қызмет етіп жүрген жандарға Отанымыздың игі жолында атқарып жатқан еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін, – деді

Ерлан Каналимов.

Осы жолы 80-нен аса ақын мүшәйраға өлең, толғау, баллада, поэма жанрларындағы туындыларын ұсынды. Соның ішінде 20-дан астам поэма келіп түсті. Көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай бастаған қазылар алқасы солардың арасында 14 ақынға жүлде тағайындады. Жалпы жүлде қоры 12 млн теңгені құрады. Елорданың дамуына үлес қосқан тұлғалар атындағы 7 арнайы сыйлық төмендегідей бөлінді: Көкімбек Сұлтанов атындағы арнайы сыйлық – Абзал Бөкен, Фариза Оңғарсынова атындағы арнайы сыйлық – Қарлығаш Қабай, Ақселеу Сейдімбек атындағы арнайы сыйлық – Ғазиз Ештанаев, Көпен Әмірбек атындағы арнайы сыйлық – Рауан Қабидолда, Несіпбек Айтұлы атындағы арнайы сыйлық – Дүкен Мәсімханұлы, Қонысбай Әбілов атындағы арнайы сыйлық – Азамат Әбілқайыр, Ерік Асқаров атындағы арнайы сыйлық – Ержан Алаштуған.

Бас жүлдені Маралтай Райымбекұлы иеленді. Бірінші орынды Жанат Әскербекқызы алды. Екінші орынды Бақытбек Бәмішұлы мен Ұларбек Дәлейұлы, үшінші орынды Маржан Ершу, Бауыржан Қарағызұлы, Жанат Жаңқашұлы бөлісті.

Әдеби-сазды кеш форматында өткен іс-шарада белгілі өнерпаздар өнер көрсетті. Жұлделі өлеңдер енген мүшәраймен аттас кітаптың тұсауы кесілді.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

Занды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

– «2 қабатты өндірістік базасы (металды өңдеу, дәнекерлеу және құрастыру)» объектісін орналастыру бөлігінде, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Байқадам және Шет көшелерінің қиылысы ауданында, тапсырыс беруші

А.О. Агмашев.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 29 шілдеде, сағат 11-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады zh.suyupova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол.

Газетіміздің келесі саны  
2024 жылдың 11 шілде күні шығады.

## КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Бас қалада кітапханалар қатары артты. Кеше Астана қаласы әкімдігінің Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №6 көпшілік кітапханасы оқырмандарға есігін айқара ашты. Салтанатты рәсімге елорда мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған депутаттар, қалалық Мәдениет басқармасы мен қала кітапханаларының басшылығы, қаламгерлер, қоғам қайраткерлері және оқырмандар қатысты.



**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов жиналғандарды қала күнімен құттықтай келе, кітаптың адам өміріндегі алатын үлкен орнына тоқталды.

– Кітап – адам білімінің қайнар көзі. Рухани дүниемізді кеңейту үшін бізге әрине кітап оқу керек. 2023 жылдан бастап қала кітапханаларын дамытуды жүйелі түрде қолға алып отырмыз. Тек осы жылы ғана қаламызда 8 кітапхана ашылды деп отыр. Оның 4-еуі – жаңа кітапханалар. Соның алғашқысының ашылуына куә болып отырмыз. Ал 4 кітапхана күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Алдағы 1-2 жылдың ішінде кітапханалар жүйесін толық жаңғыртып, кітап қорын толтырып, заманауи техникамен жабдықтап, елорда

тұрғындары мен қонақтарына қолайлы жағдай жасалады. Аса көрнекті жазушы, мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбайұлы айтып кеткендей, «Адамды адам қылған – кітап, адамзат қылған – кітапхана». Осыны естен шығармайық. Біліміміз артып, кітапханаларымыз көбейе берсін, оқырман көп болсын, – деген Ерлан Каналимов

қалалық мәслихат атынан картина сыйлады.

Белгілі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Толымбек Әбдірайым ата-бабаларымыздан қалған «Оқымаса, ой тоқырайды» және ұлы Абайдың «Артық білім кітапта» деген сөздерді еске алып, кітап оқудың маңызына тоқталды. Әсіресе, білім мен

ғылым ғасыры – ХХІ ғасырда кітапқа құштарлықтың мәнін ерекше екенін атап өтті. Кітапхана қорына байғазы ретінде «Алабұға аулаған күн» және «Балалар әңгімелерінің антологиясы» кітаптарын сыйлады. Ұлттық академиялық кітапхана директоры Ғазиза Нұрғалиева жылы лебізін жеткізді.

Жаңа кітапхананың ашылуы «Нұрлы жол» вокзалы аумағындағы қала тұрғындарын ерекше қуантты. Соның бірі Бағдат Темірханова кешкі серуенге шыққанда «Кітапхана» деген жазуды көргенде қуанғанын айта келе, бірнеше кітапты тарту етті.

Астана қаласы әкімдігінің Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаеваның айтуынша, қазіргі таңда аталмыш жүйеге қарасты 22 орталықтандырылған кітапхана бар. Ал жаңа кітапхананың кітап қоры 3 мың кітапты құрайды. Маңайда Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, музыка мектебі орналасқандықтан, кітап қорын жасақтағанда негізінен өнер саласына мән берілген. Әрине, классиктердің кітаптары да, аудармалары да, қазіргі заман әдебиеті, жалпы сан алуан тақырыптардағы кітаптар жинақталған.

– Бүгінде кітапханалар тек кітап оқитын орын ғана емес, оқырмандар өздерінің шығармашылық әлеуетін іске асыратын, демалып, жүздесетін орынға айналды. Сонымен қатар қаланың Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде әртүрлі санаттағы оқырмандар үшін еркін үйірмелер жұмысы ұйымдастырылуда, – дейді Гүлбадан Мәдібаева.





№80-81 (4669) 06/07/2024 Сенбі

**6.07**  
11:00, 15:00  
«АСТАНА – ЖҮРЕГІМ» КОНЦЕРТІ  
Қаланың тұрғын алаптары

**6.07**  
«Театралды Еуразия» I халықаралық көше театрлары фестивалі  
Қала алаңы, Орталық саябақ

**6.07**  
18:00  
«АҚАН СЕРІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ» СПЕКТАКЛІ  
Ә.Мамбетов театры

**6.07**  
18:00  
OPEN AIR КОНЦЕРТІ  
ЭКСПО алаңы

**6-8.07**  
12:00-22:00  
«МЕРЕКЕ STREET» ЖАЗҒЫ ЖОБАСЫ  
Орталық саябақ

**6.07**  
16:00  
«ӘЛЕМДІ – КҮЙМЕН ӘЛДИЛЕП...»  
Қуанышбаев театры

**6.07**  
20:00  
«АСТАНА – АРМАН ҚАЛА» КОНЦЕРТІ  
Амфитеатр

**6-8.07**  
16:00  
Елорда циркі шақырады  
Астана циркі

**7.07**  
18:00  
ДОМБЫРА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШОУ-КОНЦЕРТ  
ЭКСПО алаңы

**7.07**  
10:00  
КОНКУРДАН АШЫҚ ҚАЛАЛЫҚ ТУРНИР  
«Арғымақ» кешені

**8.07**  
12:00  
«ЕЛОРДА КУБОГЫ» БӘЙГЕ  
«Астана-Талапкер» тасжолы

**10.07**  
20:00  
ӘЗІЛ ӘЛЕМІ  
Бейбітшілік және келісім сарайы

**ТҮҒАН КҮНІМЕН, СҮІІКТІ ҚАЛАМ!**

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №80-81

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редакторлар – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ, Шапағат ӘБДІП